Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

29 ҚАЗАН СЕНБІ 2016 жыл №164-165 (19250-19251) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУ БАРЫСЫ БАЯНДАЛДЫ

Қазақстан Президенті «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының төрағасы Өмірзақ Шөкеевті қабылдады.

Кездесуде Ө.Шөкеев Мемлекет басшысына «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының биылғы 9 айда атқарған жұмысының қорытындысы, сондай-ақ трансформациялау және жекешелендіру бағдарламаларының іске асырылу барысы туралы баяндады.

Аталған кезеңде қордың қаржылық және өндірістік көрсеткішінің өсімі оң қарқын алғаны байқалады. Мәселен, оның табысы былтырғымен салыстырғанда 15%-ға өсті.

Жекешелендіру бағдарламасы аясында қор тобының 216 нысанын бәсекелік ортаға шығару жоспарланып отыр. Бүгінгі күні экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия 133 активтің сатылу әдісін мақұлдады. Қазірдің өзінде жалпы құны 7,4 млрд теңге болатын 39 актив сатылған.

Нұрсұлтан Назарбаев «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының трансформациялау бағдарламасының тиімділігін арттырып, нақты нәтижелерге қол жеткізу қажеттігіне назар аударды.

ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМДЕ ӨСІМ БАР

Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаевты қабылдады.

Кездесуде Қ.Бишімбаев Елбасыға Қазақстанның биылғы 9 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын дамыту мен экономиканы қолдаудың негізгі тетігі болып отырған «Нұрлы жол» бағдарламасының орындалу барысы туралы баяндады.

Қазақстан Президенті экономикалық даму қарқынын одан әрі жеделдету, тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыру, экономиканы қолдау және басты мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру үшін бюджет пен ұлттық қордан бөлінетін қаражатты ұтымды әрі тиімді пайдалану қажеттігіне баса назар аударды.

Ұлттық экономика министрі өз баяндамасында 2016 жылғы 9 айда ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) 0,4%-ға өскенін атап өтті.

– Құрылыс және көлік саласы, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы экономика өсімінің негізгі қозғаушы күші (драйвері) болып саналады. Көлемнің артуы құрылыста – 6,9%, ауыл шаруашылығында – 4,9%, көлік саласында – 4%, өңдеу өнеркәсібінде 0,6% болып отыр. Сонымен бірге металлургия мен фармацевтика өнімдерінің, азық-түлік пен мұнай өңдеу өндірісінің мөлшері артқаны байқалады, – деді Қ.Бишімбаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясындағы «Индустрияландыру және экономикалық өсім» атты үшінші институционалдық реформаның орындалу барысы жөнінде баяндалды.

Нұрсұлтан Назарбаев кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ОҚЫРМАНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

«Егеменнің» тынысы кеңейе түсті. Еліміздегі бас басылым тілшілері оқырман хаты, онда көтерілген проблема бойынша журналистік зерттеу жүргізу тәжірибесін қолға алды. Сырбойылықтармен кездесуде «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі осындай жаңалықтармен бөлісті.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да өткен басқосуға профессор-оқытушылар мен студенттер қатысты. Университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов бір ғасырға жуық тарихы бар басылымның ролін айшықтады.

– Қызылорда еліміздің астанасы болған жылдары газет Сыр өңірінен шығып, онда ұлт зиялылары жұмыс істеді. Қазақ халқының келешегі мен рухани өмірі туралы өзекті ойлар осы жерде туып, баспа бетінде жарияланып тұрды, - деді Қылышбай Бисенов.

Төрағалық тізгінді ұстағанына көп бола қоймаған Дархан Қыдырәлі ел газетіндегі өзгерістердің оқырман һәм бәсекелестік талабына сай жүргізіліп жатқанын жеткізді. Ресми сарын азайды. Есесіне сыни, халықаралық жағдайларға қатысты материалдарға, шетелдік сарапшылардың пікірлеріне көп орын беріле бастады.

– «Егемен Қазақстан» – халықтың билікке жететін сөзі. Бүгінде интернет жетпейтін ауылдарға «Егемен» жетеді. 1994 жылдан бері киоскіге түспей келген еді. Енді осы мәселені шешеміз. Қытай, Моңғолия, Өзбекстан секілді қазақтар өмір сүретін барлық мемлекетке газетті жеткізсек деген ұстанымымыз бар, – деді Дархан Қыдырәлі.

Кездесу соңында университет ректоры Қ.Бисенов мәртебелі мейманды Қорқыт ата атындағы «Алтын медальмен» марапаттады.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

ЕЛГЕ ЕС, СЫРТҚА СЕС БОЛҒАН ТҰЛҒА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Тәуелсіздік және Әбіш Кекілбаев әлемі» тақырыбындағы республикалық ғылыми конференция өтті. Оған елге белгілі ғалымдар, облыстың зиялы қауым өкілдері, студент-жастар қатысты. Конференция облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың алғысөзімен ашылды.

Аймақ басшысы қазақтың ұлт болып ұйысу, мемлекет болып қалыптасу жолында елге ес, сыртқа сес болған тұлғалардың қатарындағы Әбіш Кекілбаевтың орнын айрықша атап өтті.

Ұлттың интеллектуалдық қазынасына айналған Кекілбаевтың бай мұрасы оны ғаламдағы соңғы жүз жылдықтың атақты жүз қаламгерінің қатарына қосты. Әбіш Кекілбаев классик қаламгер, шебер суреткер, ой-талғамы терең философ ретінде ғана емес, ойға кенен парасат иесі ретінде мойындалған сирек тұлға.

Тәуелсіздік – баға жетпес құндылық десек, оны баянды ету бүгінгі және келер ұрпақтың азаматтық, перзенттік парызы.

– Әбіш Кекілбаев перзенттік парызына парасаттылық тұрғысынан жауап берді, қаламгерлік шабытпен даналық ой дарытқан дарабоз ретінде дараланды. Ол халқымыз ғасырлар бойы аңсаған азаттықтың ақ таңын елімен бірге, жүрегі жарыла қарсы алды. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде «Бүгінгі оданшылдық – төзім, бүгінгі ерлік – сабыр, бүгінгі елдік – тыныштық», – деп Абыздың сөзін айтқан Әбіш аға, саналы өмірі мен бар болмысын сол тәуелсіздіктің тұғырын бекітуге аямай жұмсаған қайраткерлік қырынан да танылды, – деді облыс әкімі.

Ә.Кекілбаев еркіндіктің елең-алаңынан бастап Елбасының сенімді серігі бола білді. Ол «Елбасы» ұғымын алғаш рет ел тарихындағы тұңғыш ұлықтау рәсімі кезінде өзінің Президентке арнаған тілек сөзінде қолданған еді.

Содан бері бұл атауды бүкіл халық қолдана бастады. Жазушы дүниеден өткенде жолдаған көңіл айту жеделхатында Елбасы «Көрнекті жазушы, терең білімді жаны таза азамат Әбекең тек қазақ халқының ғана емес, Алты Алаштың әлем алдында бетке ұстар ірі тұлғаларының бірі еді», – деп қимастық сезімін білдірген болатын.

2-бет

ЖАЗУШЫ АТЫНДАҒЫ ДӘРІСХАНА АШЫЛДЫ

Кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев атындағы дәрісхана ашылды.

Оған облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын зерттеушілер, қоғам қайраткерлері, университеттің профессор-оқытушылары, студенттер, магистранттар мен докторанттар қатысты. Салтанатты шарада Әбіш Кекілбаевтың зайыбы Клара Жұмабаева, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, филология ғылымдарының докторы Мырзатай Жолдасбеков, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов сөз сөйледі.

Тектілігімен, өмірге, тарихқа көзқарасының тереңдігімен, азаматтық парасатымен халықтың жүрегінде сақталған заңғар тұлғаның қоғамдағы орны мен ел үшін сіңірген ерен еңбегі туралы айтып берді. Сонымен қатар дәрісхананың жазушы есімін иеленуі жастарға өнеге екенін атап өтті.

Назерке САНИЯЗОВА.

Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде халық жазушысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев атындағы дәрісхана ашылды. Салтанатқа облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов және қоғам қайраткерлері Мырзатай Жолдасбеков, Сауытбек Әбдрахманов, Нұртөре Жүсіп пен жазушының жұбайы Клара Жұмабаева, профессор-оқытушылар, магистранттар мен студенттер қатысты.

РУХАНИ МҰРАМЕН СУСЫНДАЙДЫ

Шараны «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары И.Құттықожаев ашып, жиынның маңыздылығына тоқталып өтті. Одан әрі сөз алған «Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі Б.Досмамбетов дәрісхананың студенттер үшін берері мол екенін айта келе, алдағы уақытта Ә.Кекілбаев атындағы арнайы курс енгізіліп, шығармашыл жастармен жұмыс жасалатынына тоқталды. Ал жазушының жары К.Жұмабаева Әбіш Кекілбаев үшін Сыр елінде атқарылып жатқан шараларға ризашылығын жеткізіп, жарының балалық шағы, еңбек жолы мен шығармашылығы жайында кеңінен айтып берді. Сөз соңында жастарды талмай еңбек етіп, білім алуға шақырды. Сонымен қатар аталған университеттің студенттері заңғар тұлғаға арналған өлеңдерін оқыды.

Қонақтар дәрісханадағы жазушының еңбектері мен баспасөз бетінде жарияланған мақалалары, сұхбаттары мен фотосуреттерін тамашалады. Осы ретте мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы Мырзатай Жолдасбеков Әбіш Кекілбаев жайында естеліктерімен бөлісті.

Жиын соңында жазушының жұбайы К.Жұмабаева мен М.Жолдасбековке оқу орнының ұжымы сый-сияпат көрсетіп, естелік суретке түсті. Енді университет студенттері кемел қаламгердің рухани мұраларымен сусындайтын болады.

Сара АДАЙБАЕВА.

● КӨШПЕЛІ МӘЖІЛІС

ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАР ИГІЛІККЕ АЙНАЛУЫ ТИІС

Облысымызда экономиканың қозғаушы күші саналатын шағын және орта кәсіпкерліктің дамуында алға ілгерілеу бар. Алайда кейбір аудандардағы жағдай көңіл қуантарлық емес. Әсіресе Жалағаш пен Қармақшы аудандарында кәсіпкерліктің дамуы баяулап қалған. Осының салдарынан бюджетке түсетін салық түсімдері күрт төмендеп кеткен. Бейсенбіде Қармақшы ауданында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен алқалы жиын өткен болатын. Онда аймақтағы шағын және орта бизнестің ахуалы талқыға салынды.

Облыс әкімі жанындағы Кәсіпкерлер кеңесінің, Өңірлік кәсіпкерлер палатасының және облыстық мәслихат жанындағы «Кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның бірлескен көшпелі отырысына төрағалық еткен облыс әкімі Қырымбек Көшербаев кіріспе сөзінде Елбасының шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше мән беріп отырғандығын айтты. Бұл барлық деңгейдегі жергілікті әкімдерге жауапкершілік жүктейтінін жеткізді.

– Экономиканы одан әрі жаңғыртып, жаңа технологияларға негізделген өндірістерді көптеп ашу – біздің басты мақсатымыз. Алайда, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларға қатысу мүмкіндігін толық пайдаланып отырған жоқпыз. Оның ішінде бұл жұмыстарды Қармақшы және Жалағаш аудандарында одан әрі күшейту керек, – деді облыс басшысы.

Аймақ басшысының айтуынша, Қармақшы және Жалағаш аудандарында шағын және орта бизнестің дамуы баяу. Мемлекет ұсынып отырған бағдарламалардың игілігін көріп жатқандар қатары көңіл жұбатар жағдайда емес.

Жиында Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Махашов «2015-2017 жылдарға арналған Жол картасына» сәйкес осы күнге дейін атқарылған жұмыстардың нәтижесін, кәсіпкерліктің даму барысы бойынша баяндама жасады. Оның сөзінше, бір жыл бұрын қабылданған «Қармақшы ауданының экономика салаларын дамытудың 2015-2016 жылдарға арналған жол картасы» аясында жоспарланған 21 іс-шараның 12-сі толығымен орындалған. 8-і орындалу сатысында болса, 1-і тоқтатылыпты. Ал, ауданда құрылған индустриялық аймаққа қажетті инфрақұрылым жүйелерін жеткізу үшін 112 млн. теңге қаржы бөлініп, бар жағдай жасалғанымен, қызметін бастаған жоба жоқ. Қынжылтатыны, бұл кемшілік жалғыз Қармақшыға ғана тән емес. Сондықтан да, облыс әкімі барлық аудан әкімдеріне индустриялық аймақтардың бос тұрмауын қатаң тапсырды.

– 2014 жылы республикалық бюджеттен 834,7 млн теңге бөлініп, Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі аудандарының индустриялық аймақтарына инженерлік инфрақұрылым тартылды. Сырдария мен Жаңақорған аудандарынан басқа, барлық аудандарда индустриялық аймақтар құрылған. Барлығында бір проблема – инвестициялық жобалар жоқ, ал жобаларды іздеп жүрген аудан әкімін тағы көрмейсіз. Тіптен, аудандарда тартылған инженерлік инфрақұрылымдар тиісті қызмет көрсетуші мекемелерге осы уақытқа дейін берілмеген. Осының өзі кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмей отырғандығына дәлел болып отыр, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, аймақ басшысы «Байқоңыр» кешенінің 14 нысанын Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне беру жөнінде шешім қабылданғанын, олардың ішінде кәсіпкерлік әлеуметтік нысандар бар екенін айтты. Ендігі мақсат – сол нысандарды ел игіліне жарату, жаңа өндіріс көздерін ашуға пайдалану. Сонымен бірге, облыс әкімі Байқоңыр қаласына кіргізілетін тауарларға салынатын қосымша құн салығын бір елдің заңнамасымен төлеу жөнінде Заң жобасы мақұлданғанын айтты. Бұл өз кезегінде кәсіпкерліктің дамуына серпін болары сөзсіз.

Көшпелі отырыста, сондай-ақ, Жалағаш ауданының әкімі Талғат Дүйсебаев ауданда кәсіпкерлікті дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Оның айтуынша, Жол картасы бойынша 3 млрд 709,7 млн теңгенің 32 жобасын іске асыру жоспарланып, 603 жұмыс орнын ашу көзделген. Бүгінгі күні 2 млрд 65,2 млн теңгенің 15 жобасы іске қосылып, 159 жұмыс орны ашылыпты. Бір қуанарлығы, аймақ басшысының қолдауымен жұмысы тоқтап тұрған қызыл мия тамырын өңдейтін зауыт өз жұмысын бастамақ. Әйтсе де, аудан территориясындағы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі бойында бірдебір сервистік кешендер жобасы өз жұмысын бастамаған.

Отырыста, сонымен қатар, облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Н.Өмірсерікұлы, «Байқоңыр» ӘКК басшысы Т.Кенжебаев, облыстық өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Ғ.Жақсылықов күн тәртібіндегі мәселе бойынша ақпараттарымен бөлісті. Сондай-ақ, жиынға арнайы қатысқан «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Мұрат Әбенов өз пікірін білдіріп, ұсыныстарын жеткізді. Жиын соңында аймақ басшысы аудан әкімдері мен сала басшыларына тапсырмалар беріп, әрбір істі жедел, тиянақты орындауды талап етті.

Нағымжан САУЯЕВ.
Қармақшы ауданы.

● АКТИВ

СЕНІМ ҮДЕСІНЕН ШЫҚҚАН АЗАМАТ

Кеше облыстық әкімдікте облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен ҚР Президенті Әкімшілігіне қызметке ауысқан Қанатбек Жайсаңбаевты шығарып салу рәсімі өтті.

Облыс басшысы жиналғандар алдында Қанатбек Бақытұлының аймақ дамуына қосқан үлесін атап өтті.

– Қанатбек Жайсаңбаев іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, ізденімпаз, ұжымда беделді, мемлекеттік органдарда мол тәжірибе жинақтаған қызметкер ретінде белгілі. Көптеген жобаларды іске асырды. Соның бір мысалы, облыстық әкімдіктегі ситуациялық орталықтың ақпараттық талдау жүйесін жасақтады. Бұл Қазақстандағы осындай алғашқы жоба, оған Елбасы жоғары бағасын берді. Сондай-ақ, саяси науқандарда сайлау процестерін жоғары деңгейде ұйымдастырып, әлеуметтің жай-күйін білуде жан-жақты зерттеу жүргізген оның жұмысы басқа аймақтағыларға үлгі болды. Өткен жылы Астана, Алматы қалалары мен облыс әкімдіктері аппараты басшылары біздің облыста өткен республикалық семинарға Қанат Бақытұлының жұмыс тәжірибесін үйрену үшін келді. Соның негізінде Президент Әкімшілігі басшысына бірқатар қызметкерлерімізді жауапты қызметке ұсыну туралы өтініш айтқанбыз. Президент Әкімшілігі соңғы екі айдың ішінде біздің екі қызметкерімізге қызмет ұсынды. Бұл бәріміз үшін үлкен абырой. Оның жаңа қызметте туған еліне үлкен көмегі тиеді деп ойлаймын, – деген аймақ басшысы Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қ.Жайсаңбаевты облыстың Құрмет грамотасымен марапаттап, Қорқыт баба кескіндемесін сыйлады. Алда жетістіктерге жете беруіне тілектестігін білдірді.

Өз кезегінде Қанатбек Жайсаңбаев өзіне білдірілген сенім мен бүгінгі көрсетіліп жатқан құрмет үшін облыс басшысына және барша әріптестеріне ризашылығын жеткізді.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

ЕЛГЕ ЕС, СЫРТҚА СЕС БОЛҒАН ТҰЛҒА

Әбіш Кекілбаев Тәуелсіздік жылдарында Жоғарғы Кеңес төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Сенат депутаты бола жүріп елге, ұлтқа адал қызмет етудің өнегелі үлгісін көрсетті. Ол Мемлекеттік сыйлықтың, Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері атанып, «Құрмет белгісі», «Отан» орденімен марапатталды. Түркі елдері

1-бет

қауымдастығының шешімімен «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін сыйлығын» алып, «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен марапатталды, Қазақстанның Еңбек Ері атанды. Оның ел, ұлт алдындағы ерен еңбегі осылай бағаланды.

Әбіш Кекілбаев – күллі қазаққа ортақ тұлға. Елдің қай аймағында да оны өз ұлдарындай құрметтеп, мақтан тұтты. Суреткердің өзі де қазақ даласының әр өңірін туған топырағындай, асыл тұмарындай қастерледі. Тұтас қазақ тарихын, әр өңірде өмір сүрген тұлғалар жайлы терең білетін еді.

– Ұрпақты жебеген бабасы Қорқыт, атасы Пір Бекеттей енді Әбіш те ұлтына ұран болары қәміл. Сол арқылы жұртының жүрегінде, елінің есінде мәңгі жасайды. Бұл, әсте, «аңыздың ақыры емес», талай аңызға арқау болар Абыздық өмірдің басы ғана, – деді аймақ басшысы.

Бүгінгі ғылыми конференцияда заманымыздың заңғар жазушысының қайраткерлік тұлғасына байланысты көптеген әсерлі естеліктер айтылды. Кекілбаев шығармашылығына байланысты тұшымды ой-пікірлер ортаға салынды.

Конференцияда мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков «Әбіш Кекілбаев – ұлы гуманист» тақырыбында баяндама жасады.

– Әбіш даналығына қарамастан, үлкеннің алдын кесіп өтпейтін. Бірақ, менің оны «іні» деп айтуға аузым бармайтын. Анда-санда «Әбішжан» дегенімде, осы сөзді жақсы көретін, – деді ғалым өз естелігінде. Жазушы туралы жазған «Әулие» атты мақаласының жазылу тарихынан сыр шертті.

– Әбіш – табиғатынан, жаратылысынан ерекше туған, тарихтың құрсағынан, дәуірдің құндағынан, жалпы қазақтың кең пейілінен, құшағынан ерекше жаралған тұлға. Қазақтың даналығы да, көсемдігі де, шешендігі де, жыраулығы да, даңғылдығы да бір Әбіштің басына сыйып, жарасып тұратын. Оның көл-көсір білімі, кемел кеңесі, терең толғауы, шалқар шабыты,

қазақтың бағзы жырауларын, ұлы шешендерін, дана билерін еске салушы еді. Әбіш маған жүзіп өте алмайтын мұхиттай, өткел бермейтін дариядай, жүріп өте алмайтын шексіз даладай, асу бермейтін биік шыңдай, алынбайтын қамалдай көрінетін. Мен Әбішті адам аяғы баспаған арал секілді күнде ашамын, ашқан сайын жаңа қырынан танимын. Ол даналығы мен кемеңгерлігіне қарамастан өзін ешкімнен артық санамайтын, – деді.

Одан әрі Мәдениет қайраткері, айтыскер ақын Мәлс Қосымбаев «Қарасөзден Қағанат тұрғызғандай» толғауын орындап, «Әбіш әлемі» журналының бас редакторы, ақын Әнуар Бимағамбет «Тау жылаған» атты өлеңін оқыды. Сонымен бірге ақын Шәкизада Әбдікәрімов те тау тұлғаға арнаған «Абыз» өлеңін осы басқосуда жұртшылық назарына ұсынды.

Конференцияда Мәжіліс депутаты Сауытбек Абдрахманов Әбіш Кекілбаевтың мәдениеттанушылық көзқарастары туралы тағылымды әңгіме өрбітті.

– Адам қалай көсем, шешен, білімді бола алады, адам қанша нәрсе біле алады, жалпы адамның мүмкіндігі қандай дегеннің нақты дәлелі – Әбекеңнің ұлан-ғайыр білімі, ғажайып шешендігі, керемет көсемдігі. Мен ол кісімен 40 жылдан астам қанаттас жүрдім, тәлім алдым, университетінен өттім. Әбекең ғаламдық, жаһандық тұрғыда, барлық параметрлер бойынша әлемдік құбылыс болатын. Қырық жылдан астам уақыт деген көзің, құлағың үйренетін уақыт болғанмен, мен оған таңданудан, таңырқаудан таныр көрген емеспін. «Әбіш» атты ұлы бұлақ сарқыраған күйі аға берді, қанша жыл жасаса да, сарқылмаушы еді.

М.Жолдасбеков бір кездері «адамзаттың Айтматовы» атанған ұлы Шыңғыс Айтматовпен әңгімелескенде сұхбаттасының «Әбіш деген сарқылмас бұлақ қой» деп баға бергенін айтты. Кекілбаевтың елге тарап, афоризмге айналған «Кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүтінделмейді», «Бесігі бостың, төрі қайдан толы болсын», «Аузымызға алалық түсірмесек, ісімізге шалалық түспейді» деген сияқты толғамдарынан мысалдар келтірді.

– Әбіш Кекілбаев алуан қырлы ақ алмасты елестететі. Алмастың әр қыры алмасқан сайын жаңаша жарқырайды. Ол «қазақ осындай» деп алға тарта алатын тұлғаларымыздың бірі. Қазақтың Әбіші – біздің мақтанышымыз, – деді Мәжіліс депутаты.

Одан әрі ҚР Президенті Баспасөз хатшысының орынбасары, профессор Бауыржан Омаров «Әбіш Кекілбаевтың шығармашылық лабораториясы» тақырыбында баяндама жасады. Жалпы «шығармашылық лаборатория» ұғымы жазушының жазу машығы, қабілет-қарымы туралы пікірталастарға жол ашады. Баяндамашы қаламгердің мектеп жасынан бастап кітап пен қаламды серік еткенін, университеттің соңғы курсында Толстойды, Мопассанды аударғанын айтты.

– Әбіш әлемі адам таңғаларлық құбылыстарға толы. Ол ешқашан «не жазам?» деп саусақ сорып отырмайды. Жазарының бәрі ақ қағаздың бетіне төгіле жөнеледі. Жазу үстелінен тұрған кезде әдеби жағына Әдебиет институтының, тарихи жағына Тарих институтының тісі батпайтын, тіні берік тұтас туындыны көресің, – деді профессор.

Б.Омаров бір сұхбат кезінде Ә.Кекілбаевқа «Қайраткер Әбіш Кекілбаевтың қаламгер Әбіш Кекілбаевқа тигізген пайдасы мен келтірген зиянының қайсысы басымдау?» деген сұрақ қойыпты. Сонда Әбіш аға «Бұл сауалдың маған басқаша қойылғанын қалар едім. Мысалы, «суреткер Әбіш Кекілбаев өзі өмір сүріп жатқан кезеңде, қоғамдық қызметте, саяси қайраткерлікке ұмтылмай, күрделі заманның өміріне араласпай тұра алар ма еді?» деп сұраса деймін. Ол сұраққа мен «ол мүмкін емес» деп жауап берер едім» депті. Жазушының лабораториясымен танысқан баяндамашы оның жазу үстелінен қобыраған қағазды байқамағанын, яғни жазуға қажетті деректерді алдымен миында қорытатынын, ойша жазататын байқағанын айтты.

Конференцияда «Егемен Қазақстан республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі тәуелсіздік жылдарында Әбіш Кекілбаевтың «Егеменде» 144 мақаласы жарық көргенін айтты. Бұл мақалалар мемлекеттік қызметтен қолы қалт еткенде жазылғанын ескеруіміз керек. Аталған публицистикалық туындылардың көлемі өте үлкен, әрқайсысы бір кітаптың жүгін көтерерліктей. Жоғарыда айтылған 144 мақала 1500 беттен асатын еңбек. Қазір «Егемен Қазақстан» газеті Әбіш Кекілбаев атындағы шәкіртақы тағайындауды және оның мақалалары жинақталған «Дәуір даусы» атты кітапты шығаруды қолға алды. Бұл арқылы әбіштану жаңа биікке көтерілмек.

Одан әрі республикалық «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп «биіктік, кеңдік, тереңдік» деген қазақтың үш өлшемі Әбіш Кекілбаевтың болмысынан табылатынын айтты.

– Оның ділмар шешендігіне өзім куә болдым. Қағазға қарамастан, бір сағатқа жуық сөз сөйлегенде қаншама цифр, дерек, оқиғаларды қолмен қойғандай етіп, тыңдарманға жеткізді, – деді ол.

Конференцияда облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов «Әбіш Кекілбаев және ұлт руханияты мәселелері», «Қорқыттану және өлке тарихы» ҒЗИ директоры, профессор Бағдат Кәрібозұлы «Әбіш Кекілбаев поэзиясы» тақырыптарында баяндама жасады.

Конференцияны қорытындылаған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жазушының жұбайы Клара Жұмабаеваға сый-сияпат көрсетіп, ақ күріштен салынған Әбіш ағаның портретін сыйға тартты. Өз халқын әлемге танытуда, халқына қызмет етуде асыл арманы мен мақсатына жеткен, борышы өтелген Әбіш Кекілбаевтай тұлғаға арналған шараға қатысқан жалпы жұртшылыққа, ғалымдарға алғыс білдірді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ҚАЛАМГЕР ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ

Бейсенбіде Қызылорда қаласындағы «Жібек жолы» ойын-сауық орталығының кинозалында заманымыздың заңғар жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығына арналған «Самғау» деректі фильмі көрсетілді.

Сценарий авторы, кинорежиссер Жаңабек Жетіруов бұл идеяның 2009 жылы – жазушының жетпіс жылдығында келгенін айтады.

– Содан кейін министрлік фильм түсіру туралы шешім қабылдады. Ұсынысымызға Әбіш Кекілбаев бірден келісе қойған жоқ. Жұмыс барысында қиындықтар болды. Көркемдік кеңес отырысынан кейін ол кісіге көрсетіп едік, еңбегімізді ұнатты, - деді Жаңабек Жетіруов.

Көрсетілім Қазақстанның халық жазушысын еске алу шаралары аясында ұйымдастырылды. Көрермен қатарында болған облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов:

– Әбіш Кекілбаев – абыздардың жалғасы. Осындай тұлғаны көрсету – сіздің жүректілігіңіз. «Нартәуекел» деп кіріскен еңбегіңіздің нәтижесі, – дей келе, режиссерға алғыс білдірді.

Жаңабек Жетіруов алдағы уақытта жазушының «Шыңырау» повесінің желісімен де кино түсірмек.

Назерке САНИЯЗОВА.

● СПЕКТАКЛЬ

“АДАМ БОЛЫП ӨТЕЙІН”

Сөз зергері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевты еске алуға арналған шаралар аясында Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрда «Адам болып өтейін» спектаклі қойылды. Көрермендер қатарында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Сыр еліне табан тіреген құрметті қонақтар болды. Жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Найман ана» туындысы мен Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесінің желісімен жазылған Сартай Жүсіптің пьесасын театр артистері шебер ойнап шықты. Жүрек тебіренді, көңіл-күйге керемет әсер етті.

Қойылымда адамзат баласының қолымен жасайтын жауыздығы әкелген қайғы-қасірет бейнеленеді. Сондай-ақ, жауыздық пен қатыгездік түптің түбінде иесін табатыны үлкен қақтығыс, бітіспес әрекет арқылы ашылады. Спектакль мазмұнына қысқаша тоқталсақ, оқиға басты кейіпкер Күнбала ананың жорықта жоғалып кеткен баласына іздеу салуымен басталады. Түркілердің батыры Дүйімқара Дөненбай батырдың баласы Жоламанды іздеп, жүнжүн еліне келеді де, ер азаматы жоқ ауылға қырғидай тиіп, шарасыз әйелдерге зорлық көрсетеді. Дүйімқараның бұл нәтижесіз әрекетінен соң Күнбала ана жалғыз ұлын өзі іздеуге шығады. Саудагердің айтуымен ұлының хабарын білген ол түйе бағып жүрген баласын табады. Өкініштісі, Жоламан бұл кезде адамдық қасиеттен арылып, мәңгүрттеніп кеткен болатын. Ақылесін жоғалтқан ол туған анасын танымайды, оны жау санап, садақ кезенеді. Шиеленіскен оқиғаның ақырында Жоламан жаумен бірге келіп, Дүйімқара батырды, сүйіктісі Айкүмісті де оққа байлайды. Бұған шыдамаған ана өз баласын өзі өлімге қиюға мәжбүр болады. Спектакль соңында Жоламан мен анасы о дүниеде бір-бірімен тілдесіп, бір-бірін жаңа тапқаны көрініс береді. Сол сәтте Жоламан анасына «Мен енді мәңгүрт емеспін, адам болып өтейін» деп жанайқайын жеткізеді.

«Адам болып өтейін» қойылымы – ананың балаға деген махаббатын айшықтаған сом дүние. Күнбала ананың ерлігі әрбір анаға үлгі боларлықтай әрекет. Өз баласына деген аналық сезімінің арқасында қайтпас қайсар батырға да, ержүрек жауынгерге де айнала білді. Өшпес сезімі оны баласына жолықтырды. Адам боп өмірге келген баласының адам болып өлгенін қалады. Міне, ананың махаббаты.

Айта кетейік, заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев кезінде спектакльдің Ақтау театрындағы қойылымын тамашалап, авторға оң бағасын берген еді.

Қойылым соңында қоюшы режиссер, театрдың көркемдік жетекшісі Хүсейін Әмір-Темір жазушы Әбіш Кекілбаев туралы естеліктерімен бөлісті. Оның адамгершілік қасиетінің, парасат-пайымының, әдеби мол мұрасының, өнегелі өмірінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны өміршеңдігіне тоқталды. Сондай-ақ, қойылымды тамашалаған Әбіш Кекілбаевтың жұбайы Клара Жұмабаева театр ұжымына алғысын білдірді.

Нағымжан САУЯЕВ.

АРХИВ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің халық үшін қолжетімді болуы, оның сапалы орындалуы, атқарылған жұмыстардың жариялылығы – Елбасы мен мемлекет тарапынан қойылып отырған басты талаптардың бірі.

Облысымыздың архив саласының басым бағыттарының бірі – жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша «Мұрағат анықтамаларын беру» мемлекеттік қызметін жүзеге асыру. Аталған қызметтің нормативтік базасы болып «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары танылады. Мұнымен қоса, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №16 бұйрығымен бекітілген «Мұрағат анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітіліп, осыған орай Қызылорда облысы әкімдігінің «Мұрағат анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 маусымдағы №28 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2016 жылдың 29 ақпанында №363 қаулысы бекітілді.

Осы Заң талаптарына сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға «Мұрағат анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі үш бағытта, атап айтқанда, 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам, 2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы, 3) баламалы түрде мемлекеттік архивтер арқылы жүзеге асырылады.

Облысымыздың архив саласының мамандары бұл қызметті жүзеге асыруда Заң және стандарт талаптарына сәйкес, келіп түскен өтініштердің тіркелуін және олардың мерзімінде орындалуын қатаң бақылауға алған. Себебі, сұраныстарды орындау – архивтегі ең жауапты қызметтердің бірі. Архивтен алынған анықтамалар, көшірмелер, құжаттардан үзінділер азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және қорғау үшін қажет.

Архив мекемелеріне келіп түсетін сұраныстар әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық, генеологиялық сипаттағы сұранымдар болып үшке бөлінеді.

Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық сипаттағы өтініштерге дәстүрлі түрдегі еңбек өтілі, жалақы мөлшері, зейнетақы жарналарының аударылуы, білімі және т.б. жатады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта көптеген нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануына орай, мүліктік сипаттағы, марапаттау, ұйымдар атауларының өзгеріске ұшырауы сияқты сұраныстар қатары көбеюде.

Әлеуметтік-құқықтық сипаттағы өтініштерді орындау нәтижесінде, үстіміздегі жылдың 9 айында облысымыздың архив мекемелеріне азаматтардан 11976 сұраныс түсіп, оның 7749-на қанағаттандырылған жауап берілді. Оның ішінде 3170 сұраныс Мемлекеттік корпорация арқылы келсе, электронды үкімет порталы арқылы – 7135 сұраныс, баламалы түрде тікелей архив мекемелеріне 1671 сұраныс түсіп, орындалды. ТМД елдерінен 477 өтініш хат келсе, соның 327-не қанағаттанарлық жауап қайтарылып, қалған өтініштерге түсіндірме берілді. Ал жылдық көрсеткіштер бойынша архив мамандары 13-14 мың сұранысты орындауды жүзеге асырады.

Тақырыптық сұраныстарға тоқталатын болсақ, бұл белгілі бір жағдайға, тақырыпқа, оқиғаға, дерекке байланысты ақпараттар беру сұранымы. Бұл жеке істермен танысу, құжаттардың көшірмелерін беру, әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауының өзгергені туралы. Облысымызға, одан қалды, республикамызға белгілі адамдар туралы құжаттар жинағын шығару үшін, олардың фотосуреттерінің көшірмелерін, өмірбаяндық анықтамалар беру сияқты мәліметтер болып табылады. Мұндай сұранымдар архив мекемелеріне жиі түседі. Өмірбаяндық мәліметтер бұл аға ұрпақты мәңгі есте қалдыру үшін кітаптар шығаруға, мемуарлар жазуға пайдаланылады.

Ал генеологиялық сипаттағы сұранымдар бұл туысқандықты белгілеу үшін бір немесе бірнеше тұлғалардың туысқандық байланысы, отбасының тарихы, тегі үшін керекті ақпарат беру туралы болып табылады.

Архив мекемелеріне мұнымен қоса Қазақстанның өзге аймақтарынан, алыс-жақын шетелдерден сұрау хаттар толассыз түсіп жатады. Әрине, осындай сұраныстардың нәтижесінде кейде жоғын іздеп тапқан, аз ғана архив мәліметтерінен төбелері көкке жететін тұрғындарды көргенде өз мамандығыңның мәртебелі екенін ұғынасың. Адамдардың көздеріне жас үйіретін мұндай жұмыстардың орындалуы рухани, кәсіби қанағаттанарлық сезімін тудырады, өйткені әрбір сұраудың артында адам тағдыры тұр.

Архив қорының сараланып, іріктеліп жинақталуы инемен құдық қазып, тамшыдан теңіз құрайтын үлкен еңбектің нәтижесінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, архивистер ғылым, білім, мәдениет, өнеркәсіп, БАҚ және басқа да салалар бойынша деректерді жинақтап, сол салалардағы мамандық өкілдері туралы материалдар, кітаптар дайындауға көмектесіп, көп алғыстарға бөленіп жатады. Бүгінде біздің облысымыздың тұрғындары облыстағы архив мекемелерінің ақпараттық-құжаттық әлеуетін танып білді. Біз үшін бұл – үлкен мәртебе.

Е. АБДРАХМАНОВ,
Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы.

● БРИФИНГ

ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР ТИІМДІЛІГІН БАЙҚАТУДА

Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Жұлдызай Айтжанова басқарма тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері туралы айтып берді.

Аталған басқармада барлығы тоғыз мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

Ағымдағы жылдың тоғыз айында 1190 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның ішінде халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы 92 қызмет көрсетілсе, 546-сы электронды үкімет порталы арқылы, қалған 552-сі қағаз жүзінде көрсетілген.

– Мемлекеттік қызметтерді «бір терезе» қағидатымен Халыққа қызмет көрсету орталығы және онлайн-режимінде «электронды үкімет» порталы арқылы көрсету үлесінің жылдан жылға артуы, қызмет көрсету бизнес- процестерінің жетілдірілуі мен әкімшілік кедергілердің оңайландырылуы аталған саладағы тиімділік көрсеткіштерінің артуына септігін тигізуде,–дейді Ж.Айтжанова.

Мәселен, «II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар беру» мемлекеттік қызметі бойынша 212 табиғат пайдаланушыға рұқсат құжаттары, «Ағаш кесу және орман билетін беру» бойынша 212 адамға қызмет көрсетілген. Осы орайда басқарма басшысының орынбасары тұрғындар тарапынан ағаш кесудің едәуір төмендегенін айтты. Оның негізгі себебі тұрғын үйлердің газға қосылуы.

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру бойынша есепті мерзімде 315 қызмет көрсетіліп, оның 68-і аң аулауға рұқсат алса, 247 қызмет балық аулауға берілген.

«Қоршаған ортаға эмиссия үшін» мемлекеттік қызметінен облыстық бюджетке 23 млн теңге, «Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдау» бойынша республикалық бюджеттің кіріс көзіне 120 млн теңге қаржы түсірілген.

А.СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Ақыр аяғында, әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, барлық экономикалық және мәдени байлықтар виртуалды қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалады. Сондықтан, біз әлеуметтік жаңғырту саясатының негізіне шынайы өндірістік еңбекті қоюға тиіспіз» деген сөзі дәл қазіргі қоғам үшін қажет. Бұл орамды ой әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналғанда ғана еліміз әлемнің озық елдерінің қатарынан көрінері анық.

ШӘКІРТ БОЙЫНА БІЛІМ ДАРЫТҚАН ӘУЛЕТ

Адал еңбегімен елге танылған адамдар қай салада да кездеседі. Бүкіл бір әулеттің атадан балаға берілетін кәсібі арқылы елдің ризашылығына, құрметіне бөленуі сол еңбектің ақталғанын көрсетеді. Мандай тер, табан етімен адал еңбек етіп, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық отбасылар көп. Сондай отбасының бірі – Қызылжарма қыстағында тұратын Наурызбаевтар әулеті. Бұл үлкен отбасын жергілікті тұрғындар «ұстаздар династиясы» деп атап кеткен. Өйткені әулеттің отағасы мен отанасы Дауылбай Наурызбаев пен Гүлбаршын Қындыбаева бар ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған жандар. Ерлі-зайыпты ұстаздар қазірде бұл дүниеден өткенімен, олардың ізгі ісін жалғастырушы ұл-қыздары, келіндері жетерлік. Екеуінен өрбіген төрт ұл және төрт қыз бар.

«Бақыттың да, байлықтың да анасы – еңбек» дегенді өмірлік қағидасына айналдырған Дауылбай ағайдың өткен өміржолы кейінгі ұрпаққа үлгі. Қарапайым мектеп мұғалімі болудан басталған педагогтық қызметінде ол аудандық білім беру бөлімінің меңгерушісі, педагогикалық училищенің оқу ісі жөніндегі орынбасары, мектеп директорлығына дейін көтеріліп, еңбек демалысына шыққанға дейін абыройлы жұмыс жасады. Халық ағарту ісіне сіңірген еңбегі елеусіз қалмады. Ол кезінде «ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі» атанғандардың алғашқылар санатында болды. Дауылбай Кенеханұлы қай қызметте болсын ізденімпаздығымен, ерекше білімділігімен, әділ басқарушылығымен ерекшеленді. Ол тәрбиелеген шәкірттер бүгінде елімізге, облысымызға белгілі жандар.

Қазіргі таңда Дауылбай ағайдың үш ұлы құрылыс, біреуі банк саласында қызмет етсе, үш қызы мен үш келіні білім саласында еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеу ісінде жетістіктерімен мақтана алатындай ұлағатты ұстаз қатарына қосылды. Қыздары Жанна мен Лиза Қызылжарма қыстағындағы №144 С.Әлжіков атындағы орта мектепте ұзақ жылдар бойы қызмет етіп келеді. Олар тәрбиелеген шәкірттер қатарында «Алтын белгі» иегерлері, түрлі олимпиада жеңімпаздары бар. Ал үлкені Алма Наурызбаева да Алматы қаласында осы салада ұзақ жыл еңбек етіп, бейнетінің зейнетін көруде.

Бұл әулеттің келіндері де әулет кәсібін жалғаған жандар. Келіндері Әймереке, Сағира, Алтын да ұстаздық жолды таңдаған. Бүгінде Әймереке, Сағира апайлардың отызжылдық тәжірибесі бар.

– Мен бала кезімнен ата-анамның ұстаздық жолда қызмет еткенін көріп өскендіктен болар, оқушы кезімнен мұғалім болуды армандадым. «Ұстаз болу – жүректің батылдығы» деп бекерге айтылмаған ғой. Ата-анамның білім беру саласына сіңірген еңбегі аз емес. Бала тәрбиелеу, басшылықта болу оңай шаруа емес деп түсінемін. Ұстаз болу үшін балаға мейірім, өз ісіне деген шексіз сүйіспеншілік, ізденіс пен табандылық керек. Бізге әрдайым әкем өздеріңнің жүріс-тұрысыңмен, сөйлеген сөзіңмен, тіпті киген киіміңмен де оқушыға үлгі-өнеге көрсетуің керек деп отыратын. Қазірде осы ұстаныммен өзімнің қасиетті мұғалімдік мамандығымды атқарып келе жатқаныма жиырма алты жыл болыпты, – дейді қызы Жанна Наурызбаева.

Иә, мамандықтың қай-қайсысы да қадірлі, қасиетті. Десе де, барлық сала мамандарын дайындайтын, алғаш қолыңа қалам ұстатып, әріп таныткан, оң мен солыңды, жақсы мен жаманды ажырата білуге баулитын осы ұстаздар қауымы. Керек десеңіз, әр адамның өмірлік қағидалары, ұстанымдары да осы ұстаз берген білім мен тәлім-тәрбие арқылы қалыптасады. Сондықтан да Наурызбаевтар әулеті өздері тәрбиелеген сан мыңдаған шәкірттер арқылы елдің өркендеуі мен дамуына өз үлестерін қосты деп айтуға әбден лайық.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯНЫҢ ЖІГЕРЛІ ҚОЛДАУЫ

Ауылдық жерлерде жеке қосалқы шаруашылықтарды көбейтіп, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту бағытында «Нұр Отан» партиясы ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасын іске асыру жөнінде меморандумға отырған болатын.

Бүгінде аймақты жобаға сай төмендетілген мөлшерлемемен шағын несие алып, шаруашылықпен айналысушылардың саны артып келеді. Әсіресе төрт түлік мал өсіріп, оның тұқымын асылдандыруға, сондай-ақ бордақылауға ниеттенгендердің қатары қалың.

Жоба арқылы несие алып, кәсібін дөңгелетіп отырған азаматтардың бірі Сырдария ауданы, Бесарық ауылдық округінің тұрғыны Асылхан Жұмахан. Мал бордақылау үшін 4 млн теңге несие алған ол болашақта кәсібін кеңейтуді жоспарлап отыр.

– Мен жобаның тиімділігін естіп, жылдам құжат жинауға кірістім. Бар жоғы бір ай мерзімде несие алып, 16 бас жылқы сатып алдым. Қазір барлығы да етке жарамды күйде. Бұл ауыл тұрғындарының сұранысын толық қанағаттандырады. Болашақта мал санын арттырып, қала халқын да етпен қамтамасыз етеміз, – дейді кәсіпкер.

Ауыл тұрғыны Зухра Ақпанбетова да мал шаруашылығымен айналысады. Тірлігін азын аулақ ұсақ малдан бастаған шаруаның қорасы қазір ірі қарамен толыққан.

Ол жоба аясында «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қызылорда филиалы арқылы 2 млн теңге несие алып, 8 бас жылқы сатып алған.

– Жобаның арқасында отбасымызды асырап отырмыз. Алдағы уақытта шаруашылықты кеңейтіп ауылдастарымды жұмыспен қамтысам деген ойым бар. Шалғайдағы халықтың қамын ойлаған «Нұр Отан» партиясына алғысымды білдіргім келеді, – деді Зухра.

Бесарық ауылы тұрғындарының берекелі ісімен танысқан нұротандықтар осылайша «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» партиялық жобасының жемісін бақылап, қызмет түрлерін онан әрі жетілдіру бағытында ұсыныстарын жеткізді.

Жалпы осы жоба аясында облыста 920 млн теңге қаржы қаралған. Оған 304 мал бордақылау алаңы, 2 сүт қабылдау және 2 мал сою пунктін салу көзделген.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

● БРИФИНГ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ БАРЫСЫ БАЯНДАЛДЫ

Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Жаңақорған аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары Мейрхан Оспанов, Қармақшы аудандық білім бөлімінің басшысы Бауыржан Дүйсенбаев және Сырдария аудандық білім бөлімінің бас маманы Жанар Қойшыбаева білім бөлімімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер жайлы баяндады.

Жаңақорған ауданы бойынша қазіргі таңда білім бөлімі мен білім беру ұйымдары арқылы 23 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Бөлім арқылы тұрғындар арасында мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезекке қою, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, банктерге, ішкі істер органдарына кәмелетке толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелетке толмаған балаларға мұра рәсімдеу үшін анықтамалар беру қызметтері көп сұралады. Ағымдағы жылдың тоғыз айында білім бөлімі арқылы 3415 қызмет көрсетілсе, білім беру ұйымдары арқылы бұл көрсеткіш 7517-ні құрады. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мерзім бұзушылықтарға жол берілмеген.

Қармақшы ауданы бойынша үстіміздегі жылдың тоғыз айында аудандық білім бөлімімен көрсетілген мемлекеттік қызметтің жалпы саны 13202 болса, өткен жылдың осы кезеңінде бұл көрсеткіш 10406 болған. Яғни, ұсынылған қызмет саны 26,9 пайызға артқан. Сондай-ақ, есепті мерзімде қызмет берушінің кеңсесі арқылы «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» бойынша 15 қызмет жүзеге асырылған. Алдағы уақытта аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау мен жолдама беру, жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау қызметін қарау жоспарлануда.

Сырдария аудандық білім бөлімі үстіміздегі жылдың тоғыз айында 23 мемлекеттік қызмет бойынша 13031 мемлекеттік қызмет көрсеткен. Ал былтыр есепті мерзімде бұл көрсеткіш 15297-ні құраған. Яғни, көрсетілген қызмет биыл 15 пайызға кеміген. Брифингте бөлімнің бас маманы Жанар Қойшыбаева осыған байланысты түсіндірме жасады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ЖЫЛУ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Марсбек Молдабаев бастаған тиісті сала басшылары жылу беру маусымына байланысты атқарылып жатқан жұмыстар және орын алып отырған кейбір мәселелер жайлы әңгімеледі.

Басқосуға журналистермен қатар қоғамдық ұйымдардың өкілдері де қатысты.

М.Молдабаевтың айтуынша, қала әкімінің өкіміне сәйкес жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын үйлестіруші қалалық штаб құрылып, жұмыс жасауда. Биыл Ұлттық қордан бөлінген 997 млн 178 мың теңгеге 7 жоба бойынша ұзындығы 13 шақырымды құрайтын магистральды және кварталаралық жылу желілеріне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Сонымен бірге, жергілікті энергия көзі «Қызылордажылуэлектрорталығы» кәсіпорнының инвестициялық бағдарламасы аясында өз қаржысы есебінен 284 млн 441 мың теңгеге станцияның негізгі және қосалқы қондырғылары, жоғары қысымды құбырлары жөнделген. Алайда кейбір тұрғындар тарапынан үйлеріне жылу келмей отырғаны жөнінде шағымдар айтылып қалады. Бұған орай сала басшылары тұрғындар өз тараптарынан ауыстырылуы тиіс қосалқы бөлшектерді сатып алуы тиістігін айтады. «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес тұрғындардың ортақ меншіктегі үйлердің өжіресіндегі ауыстырылуы тиіс жылу құбырларын барлығы бірлескен түрде, ал пәтер ішіндегі құбырларды әр тұрғын өздері жасауы тиіс. Алайда, жоғарыда айтып өткеніміздей, өжіредегі ескірген құбырлардың ауыстырылмауы немесе пәтер ішіндегі жылу құбырларының жылу беру маусымына дайын болмауы салдарынан кей көпқабатты тұрғын үйлерде мәселе туындап отыр. Мамандар қосалқы бөлшектерді тұрғындар алып берген жағдайда, қала әкімдігінің ұйымдастыруымен тиісті мекемелермен бірлесе отырып, оларды тегін ауыстырып, орнатып беретіндерін айтады.

А.СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ.

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Қаз еті – жеңіл әрі дәмді тағам, майы – емге дәру, мамығы – жастық. Оның еті нарыққа шығарылғанда да басқа үй құстарымен салыстырғанда қымбатқа сатылатын көрінеді. Алайда қаз өсіріп, табыс табуға ниеттенетіндердің қатары қалың болғанымен, бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұған біз облыста бірінші болып қаз бен үйректі өндірістік бағытта өсіруді қолға алған «Жан-Арай Агро» ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің жұмысымен танысқанда көз жеткіздік.

Инфрақұрылымды дамытып, бәсекелестік ортаны қалыптастыруды, ауылшаруашылық өнімдерін тұтынушыға тікелей ұсынуды мақсат еткен кооперативке биылдың өзінде Алматы облысынан 10 мың дана жұмыртқа әкелінген. Бүгінде мұнда жеті мың жеті жүз қаз бен үйректің балапандары өсірілуде. «Жанар-Ай Агро» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі бас директорының орынбасары Қуат Шәкизадаевтың айтуынша, алдағы уақытта қала тұрғындарын экологиялық таза құс етімен қамтамасыз ету, үй жағдайында құс өсіруге қызығушылық таныткан азаматтарға қаз бен үйрек балапандарын сатуды ұйымдастыру арқылы жұмыспен қамту көзделуде. 2017 жылы балапан шығаратын жұмыртқаларды сырттан сатып алмай, кооператив арқылы дайындау мақсатында құстардың аналығын бөлек бағу қарастырылып, қысқа дайындық жасалуда. Алдағы уақытта қаз бен үйректің санын екі есеге көбейту жоспарланған.

– «Жан-Арай Агро» ауылшаруашылық өндірістік кооперативіне 1 шаруа қожалығы және 8 жеке кәсіпкер мүше болып кірді. Шаруа қожалығы инкубатордан балапан шығарып, жеке кәсіпкерлерді түрлі қоспалармен байытылған құнарлы жеммен қамтамасыз етсе, 7 жеке кәсіпкер құс бағумен айналысады, 1 кәсіпкер сойылған құсты қаптамаға салып қала тұрғындарына ұсынады. Қазір орташа бір қаздың салмағы – 7-8 келі, ал үйректің салмағы – 4-5 келіні құрап отыр. Қараша айының ортасынан бастап 3 мың бас қаз бен үйректі етке сойып, 15 тонна сапалы құс етін қала тұрғындарына ұсынуды, 11 түрлі жартылай фабрикат шығаруды жоспарлап отырмыз. Бүгінде "Қазына" сауда орталығымен құс өнімдерін сатуға келіссөз жүргізілуде. Сонымен қатар, құс өсіруге және бағуға «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы» ЖШС-нан 90 млн теңге қаржы алынып, әр кооператив мүшесіне 10 млн теңгеден несие алуға мүмкіндік туды. Осы қаржыға қажетті жабдықтар алынып, ғимарат салынуда. Бұйыртса, қаңтар айында инкубаторлық цех, құс сою пункттері ашылмақ, – дейді Қ.Шәкизадаев.

«Жан-Арай» ЖШС-ның қожалығында қаз жұмыртқалары арнайы жабдықта күтіп-бапталып, оның температурасы мен ылғалдылығы үнемі бақылауда болады. Сонан соң бір ай бойы күтімде болған балапандар алғашқы 20 күн дәрумденделіп, арнайы жайда ұсталады. Әрі қарай Сырдария ауданының Айдарлы ауылы маңындағы көлде өсіріледі.

– Ауыл тұрғыны болған соң, құс өсірудің маған ауыртпалығы жоқ. Оның үстіне бұл шаруа өзіме ұнайды. Қазды құстардың ішіндегі ең қасиеттісі деп білемін. Біз мұнда оларға үш мезгіл жемін үзбей беріп отырамыз. Күнделікті 1 тоннадай жем жейді. Одан өзге тағы да басқа қоспа шөптері бар. Арнайы қадағалауда ұстаймыз. Өзімнен бөлек, 11 адам жұмыспен қамтылды. Еңбекақымыз тәуір, 50 мың теңге көлемінде, – деген қожалық бригадирі Мақсұт Жиренов қаздарды көл жағасына жіберді.

Көлдегі құстардың ұзаққа дейін иесін мазаламай жүзіп жүргеніне куә

болдық. Сәлден соң жемазықтың күтіп тұратынына дағдыланған олар бір-біріне ілесіп, тобын бұзбай, кейін қайтты. Әңгіме барысында құстардың «Линда» тұқымынан екенін, жаз бойы таңсәріден көлде жүзіп, күн ұзаққа көкорай шалғын шөпке жайылатынын, қысқа да төзімді екенін естіп-білдік. Осылайша, инженер-технолог мамандығының майталманы Қуат Шәкизадаевтың екі жыл бойы електен өткізіп барып іске қосқан жобасымен егжей-тегжейлі танысып, алдағы уақытта табиғи таза еттің көпшілік сұранысына ие болатынына сенім білдірдік.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
Суреттерді түсірген: **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.**

● АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМДАРЫНДА

ҒАСЫР ҚҰРДАСЫНА ҚҰРМЕТ

Жасы ұлғайған қарттарға қамқорлық жасау кейінгі буынның бұлжымас борышы десек, бұл қазақтың ежелден қанына сіңген ізгі қасиет.

Жақында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов бастаған кеңес мүшелері жүз жасаған әзиз әже Назира Аймағанбетованың шаңырағында болды. Сырдария ауданының Абай ауылында өмірге келген ғасыр құрдасы бұл күндері немересі Қуанышқұл Ибадуллаеваның қолында екен. – Қызым балаша әлпештеп бағып отыр. Өміріме ризамын, – деп ағынан жарылған кейуананың құлағының аздап мүкісі болмаса, сөзі шырақ.

Қаршадайынан еңбекке араласқан Назира әже соғыс жылдары тылда ерен еңбек еткен жан. Масақ теріп, алғы шептегі жауынгерлерге жылы қолғап, шұлық тоқыған. Сөйтіп, Ұлы Жеңіске лайықты үлес қосқандардың бірі. Бүгінде немере, шөберені айтпағанда, қос шөпшегін сүйіп отырған қарияға сыйсияпат жасалды. Қарт ана келгендерге аналық ақ батасын берді.

Бұдан соң кеңес мүшелері кезінде «Мұсылман әйелдер» қоғамдық бірлестігінің төрайымы қызметін атқарған ардагер ұстаз Ақжамал Қожаназароваға сәлемдесті. Осыдан 85 жыл бұрын Қазалы ауданының Ашабай арығы елді мекеніндегі ұста отбасында дүниеге келген Ақжамал апайдың ғибратты ғұмыры мұғалім, тәрбиеші болудан басталып, әрі қоғамдық-саяси қызметтерге ұласқан. Әр жылдары Қазалы аудандық атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, орта мектептерде партия ұйымының хатшысы, облыстық мәслихаттың депутаты болған. 1975-1988 жылдары облыс орталығындағы №253 қазақ орта мектебінің директоры болып қызмет атқарған ұстаз ана зейнетке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстан қол үзбей, Қазақстан әйелдерінің II құрылтайына делегат болып қатысты. Қажылық парызын өтеген ардагер ұстаз күні кешегі дейін қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысқан.

Жағдайын сұрап, өзіне сый-сияпат көрсеткендерге шын жүректен алғыс айтқан ұстаз ананың өмірлік серігі, соғыс және еңбек ардагері Жанияз Шалболов ақ батасын берді.

Толыбай АБЫЛАЕВ.

ОРАЛМАНДАРҒА ОҢ КӨЗҚАРАС

Ата жұртына ат басын бұрған ағайынды әлеуметтік жағынан қамқорлыққа алу – басты міндет. Ал құқықтық жағынан сауаттандыру елге келген азаматтарға үлкен көмек болары сөзсіз.

Жуырда қиырдан келген қандастарға арнап облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Туған жер» қоғамдық қозғалысы» қауымдастығы «Оралмандарды әлеуметтік-құқықтық сауаттандыру» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді. Басты ұстанымы шеттен келген қандастарға жергілікті жерге бейімдеу, қолайлы жағдай қалыптастыру, жұмысы мен білім алуына ықпал ету және құқықтық тұрғыдан көмек көрсету.

Аталған шараға «Туған жер» ҚҚ» қауымдастығы төрайымы Қ.Ерімбетова, қалалық жұмыспен қамту орталығының маманы Г.Әнуарбекова және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жетекші маманы Б.Жанахметов қатысып, жиналғандарды толғандырған сұрақтарына жауап берді.

Жалпы оралмандардың айтары көп. Әсіресе, жұмыс табу, жәрдемақы алу жағынан көп қиыншылық көретінін айтқан азаматтар, мемлекет тарапынан жеңілдіктер болуын сұрайды. Жұмысқа тұру жағынан түйткілді мәселе аз емес. Жұмыс берушілер сырттан келген қандастарды оңайлықпен жұмысқа ала қоймай, біраз сенделтетін көрінеді. Мемлекеттік, бюджеттік қызметтерге жоғары білімнің, біліктіліктің жоқтығы алдын орайды. Ал, жұмыспен қамту бөлімінің ұсынған маусымдық жұмыстардың «жалақысы төмен» деп істеуге құлықтары жоқ. Сондықтан қайта оқыту, даярлық шараларын жүргізу керек. Яғни, кәсіптік білім беру арқылы жұмысқа орналастыру. Сонда ғана тұрақты жұмыс табылатыны белгілі. Осы және басқа да шараларды түсіндірген сала мамандары сырттан келген ағайындарға жасалып жатқан жұмыстарды айта келе, мемлекеттік қызметтер тәртібі туралы жеткізді.

Соңғы үш жыл көлемінде біздің өңірге 107 отбасы оралған екен. Олардың басым бөлігі Өзбекстаннан, қалғандары Түркіменстан, Ресей, Украина, Қырғыз елінен қоныс аударғандар. Жалпы, келген оралмандардың ел азаматтығын алу мерзімін жеңілдетілген тәртіппен тұрғылықты тұруға рұқсат алған күнінен бастап бір жыл ішінде алуға құқығы бар. ҚР азаматтарымен тең жағдайда әлеуметтік қорғалуы, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қамтамасыз етілген. Оралман мәртебесі азаматтық алғаннан соң бір жыл өткеннен кейін тоқтатылады.

Н.САҒАТҰЛЫ.

ҮЗДІК ЖАС АРХИВИСТ АНЫҚТАЛДЫ

Облыстың «Жас архивистер» кеңесінің ұйымдастыруымен Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада «Үздік жас архивист» байқауы өтті.

Оған 9 мекемеден жасы 35-ке толмаған 12 маман қатысып, 4 кезең бойынша сынға түсті. Үміткерлер көрерменге өздерін таныстырып, теориялық, практикалық деңгейлерін көрсетіп, шығармашылық тапсырмалар орындады. Қазылар алқасының шешімімен Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің маманы Ақгүл Бекмағамбетова бас жүлдені иеленіп, «Үздік жас архивист» атанды.

І орынға облыстың қоғамдық-саяси тарихы мемлекеттік архивінің қызметкері Ғалымжан Наурызбаев лайық деп танылса, Қазалы ауданынан келген Нұрлан Нұржаубаев пен жаңақорғандық Еркін Жаңабеков кейінгі орындарды бөлісті. Одан бөлек, әртүрлі номинация иегерлері анықталды. Марапат биігінен көрінгендерге естелік сыйлықтар табысталды.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ АРҚАУ ЕТКЕН ШАРА

Облыстық "Ұрпақтан ұрпаққа" қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен "Бақытымыз да, байлығымыз да – Тәуелсіздік" тақырыбында патриоттық форум өтті.

М.Ықсанов атындағы №9 политехникалық колледжде өткен форумға бірлестік төрайымы Алмагүл Божанова, комсомол, партия ардагері Амангелді Құдайбергенов, еңбек ардагері Мәлика Ибадуллаева қатысып, тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктерге тоқталды.

– Тәуелсіздіктің 25 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталып, сәт сайын жақындап келеді. Ширек ғасыр мемлекет үшін көп уақыт емес. Осы аз уақыт ішінде Қазақстан аяғына нық тұрды, әлемге танылды. Еліміздегі бірлік пен ынтымақтың арқасында, Елбасының көрегенділігі мен халықтың оған деген сенімінің арқасында жетістіктерге қол жеткіздік. Тәуелсіздікке үлес қосқан, саналы ғұмырының жалынды шағын елге арнаған халықтың қалаулы ұлдарының ішінде Мұстахым Біләлұлы Ықсанов та бар. Осындай кісілердің жақсылығын асырып, аруағына риза ету бізге міндет, – деді А.Божанова.

Тағылымды шара колледж студенттерінің патриоттық ән кешімен қорытындыланды.

М.СНАДИН.

ОРТА АЗИЯНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

Мыңдаған жылдар бойы ұлы дала төсінде талай ел қорғаны болған даналар өткен. Олар өз заманында жауымен жан аямай күресіп, халқын ерлікке, елдікке, бірлікке, ынтымаққа бастап, тайпалар мен ұлттардың жойылып кетпеуіне үлкен әсер еткен. Сөйтіп, тарих беттерінде өздерінің есімдерін мәңгі жадымызда жүретіндей қалдырған. Сондай ұлы тұлғалардың бірі де бірегейі – Самарқан қаласының әмірі, Тұран елінің бас әскери қолбасшысы,Орта Азиядағы теңдесі жоқ сәулетші Жалаңтөс баһадүр Сейіткұлұлының туғанына биыл 440 жыл толып отыр.

Сырдарияның Арал теңізіне құяр сағасына жақын жердегі Қазалы ауданының бүгінгі Жалаңтөс ауылында Жалаңтөс баһадүрдің дүниеге келгені 1576 жыл еді. Осы атамекеннен әкесі Сейіткұл ұлының бес жасында қуаңшылыққа, жоқшылыққа, ашаршылыққа тап болған елін күтқару үшін қырық мың үйлі ауылдастарын бастап Жиделі-Байсын жеріндегі Бұқара шаһарына жақын Нұрата өңіріндегі Қызкеткен тауының етегіндегі табиғаты жайсаң жайлауға көшіп барады. Оған балалық кезден досы Шығай хан көмектесіп, Алашқа белгілі Сейітқұлға ұлан-ғайыр шұрайлы алқапты тарту етумен бірге, сол жердегі қазақ жұрты мен қарақалпақ елінің ханы етіп сайлайды.

Өзі бай, өзі қажы, әрі шешен, әрі батыр Сейітқұл Алшын жұртының ортасында әділ билік жүргізген, халқына қорған болған. Ол екі әйел алған. Бәйбішесі Сары кемпірден – Сейітмәмбет, Төлеш, Ақша, тоқалы Қара кемпірден – Жалаңтөс, Дүйсенбай, Матай, Түрікмен, Қоян атты ұлдары өмірге келіпті.

Жалаңтөс жас кезінен білімге құштар болып, мешіт медресесінен сабақ алады. Әкесінің жанында жүріп, ел басқару тәжірибесін санасына түйіп өскен зерделі бала жасынан ерекше қабілетімен, ақылпарасатымен, батыл табандылығымен көзге түсіп, қырағы да қайсар болып қалыптасқан баласының зеректігі мен аңғарымпаздығын байқаған әкесі оның келешегін ойлап, Тамды мен Қызылқұм қазақтарының ханы, сіз-біз сыйластығы бар Дінмұхаммедтің сұрауымен 12 жасында-ақ қарамағына беріп, қызмет етуге баулиды.

Сейітқұл Жалаңтөс ұлынан үлкен үміт күтіп, Бұқарадағы басқару мектебіне береді. Білімді терең меңгеріп, әскери өнердің қыр-сырына қаныққан ойлы оғлан Бұқара ханының көзіне түседі. Осы кездерде жан-жақтан ойрат, жоңғар, қалмақ біткен қаптап, қазақ жерін біртіндеп жаулап, орасан зор қауіп төндіріп тұрған. Осының алдын алу үшін Нұрата аймағынан әскери горнизон ұйымдастырып, жауынгер санын 10 мыңға жеткізе отырып, әскери дайындық жұмыстарын жүргізеді. Ол кезде Бұқара мен Самарқан шаһарларында тұрақты кәсіби жауынгерлер жоқтың қасы еді. Нұрата өңірін тез игергені жайлы жағымды әңгімелер Бұқара ханына жетіп, Жалаңтөсті жанына алдырады. Мұнда да жаңадан әскер жасақтауды қолға алады.

Орта Азиялық ұлы тұлға Жалаңтөс баһадүр 1590 жылы жоғары дәрежелі қолбасшылар даярлайтын әскери мектепте оқиды. Шыңғысханның қолбасшылық өнерін үйренуге ерекше мән береді. Бұқара қаласындағы осы оқу орнында жүргенде Бұқараның ханы Имамқұл Жалаңтөсті қасына алуды ойластырып, басқаларға қарағанда ерекше қабілет-қарымы мен алғырлығына көңілі толып жүреді.

Имамқұл барынша қатал, әмірін мүлтіксіз орындататын хан болса да екі адамнан жасқанып, айбынатын. Оның бірі – Жалаңтөс баһадүр болса, екіншісі – Бадахшан әмірі Қатаған Махмұт би еді, – дейді сол замандағы атқамінерлер. Имамқұл хан Бұқара хандығынан тәуелсіз Самарқан аймағын құрып, оған Жалаңтөсті әмір етумен бірге, бас қолбасшылықты да қосып береді.

Бұқара хандығының жарты ғасырға жуық саяси өмірі Жалаңтөс есімімен байланысты. Жоңғарлар Бұқара мен Самарқанға шабуыл жасап, басып алуды сан рет ойластырғанмен, Жалаңтөс баһадүрден бата аламай, мысы басылып қалады да, көбінесе Жетісу және Ыстықкөл бойына әңгір таяғын ойнатып, әмірін жүргізеді. Жоңғар хандығының негізін қалаған Батур қонтайшы 1643 жылы 50 мың қолмен қырғыздарға тұтқиылдан шабуыл жасап, 10 мыңдай адамды тұтқынға алып, жеңістеріне масайрап келе жатып, жолындағы жер жаннаты Жетісу өңірін жаулап алуды ойластырады. Бұған Белжайлаудағы Орбұлақ шатқалында Есім ханның баласы, әз Тәукенің әкесі, дарынды қолбасшы Салқам Жәңгір хан 600 қолмен қарсы тұрады. Кескілескен шайқаста саны көп жауды және алмасын білгесін Самарқан әмірі Жалаңтөс баһадүрге хабар жібереді. Бір жұмада 20 мың қолмен суыт жеткен Жалаңтөс Батурдың әскерін тасталқан етіп жеңіп, тұтқындарын босатып, еліне қайтарады.

Жеңілгенін мойындаған Батур қонтайшы Жалаңтөс баһадүрге өзінің Қанза атты сұлу қызын ұзатады. Жалаңтөс Самарқанға оралғанда алдынан шыққан туған ағасы, Қоқан ханы Ақшаға қызды тарту етеді. Қанзада аты қазақ ортасында келе-келе сіңісіп Кәніспекке айналып, төртқара руының бір аталығы осы есіммен аталып кетеді. Бұл анамыздан Айдарбек, Ақылбек, Қалқаман, Елсемен деген ұлдар дүниеге келеді. Анамыздың адамгершілігі, адалдығы, ақылдылығы ерекше болады. Ақша хан бірде жорыққа кетіп, елге оралғанда: «Бұл қай ауыл?» деп сұрайды. Сонда жергілікті жердің адамы «Кәніспектің ауылы» дейді. Сол кезде атамыз санын бір ұрып, «Мен атымды шығарамын деп дүние кезіп жүргенімде менен бұрын әйелімнің аты шығыпты ғой» депті. Төртқара руының Кәніспек тармағы осылайша пайда болыпты.

Орта Азияға танымал әмір Жалаңтөс баһадүрге Үнді, Хорезм, Тибет пен Иран патшалығынан, Қытай, Ауған, Қалмақ, Қырғыз, Қашқар, Парсы, Пакистан, Қазақ елдерінен қымбат сыйлықтар әкеліп, тарту етіп жатады. Бұл қазыналар саны мен құны жағынан мемлекет қазынасына түсіп жатқан барлық байлықтан да асып түседі. Бұл бағалы құнды заттарды Самарқанда 50 мыңнан 100 мыңға дейін тұрақты кәсіби әскер ұстауға, сәулетті құрылыстар мен зәулім сарайлар, медреселер салуға жұмсайды. Білімі қатарынан асқан жастарды Бағдаттағы оқу орындарына, Мысырдағы Әл-Әзхар университетіне жіберіп, қамқорлық жасап отырады.

Жер үсті, аспан асты ажарын асырып тұрған атақты Самарқан шаһарының орталығы Регистан алаңын, «Ширдор» (Арыстан медресесі) мен «Тилла Кари» (Алтынмен апталған) медреселерін салдырып, әйгілі еткен. Тұрғызылған ғимараттар архитектуралық сәнсалтанатымен шығыстың сәулет өнерінде ерекше орын алады.

Самарқанда 43 жыл әмірін жүргізген Жалаңтөс баһадүр 80 жасында дүниеден өтіп, Ақсақ Темірдің бас уәзірі, қажы Ораз атасымен пікірлес әрі шынайы жолдас болған әулие, білікті діндар Махуми Ағзам бейітіне қойылады. Мұнда қыздары Малика, Ихлима бану, Айбибі және ұлы Сұлтанбек те жерленген.

Дүние жүзі тарихында сирек кездесетін ұлы тұлғаны мәңгі есте сақтап, ұрпағына үлгі-өнеге етуде облыста нәтижелі жұмыстар істеліп, Сыр шежіресіне өшпестей алтын әріппен жазылып қалды. Облыс орталығындағы спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатына, Арал қаласындағы стадионға, Қазалы ауданындағы Қызыл Ту кеңшарына, Алматы, Астана, Қызылорда Ақтөбе, Арал, Қазалы қалаларындағы көшелерге Жалаңтөс баһадүр есімі берілген. Қызылорда қаласында Жалаңтөс баһадүрдің зәулім ескерткіші орнатылды. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын, драматург Иранбек Оразбаевтың «Жалаңтөс баһадүр» атты драмасы республикалық және облыстық драма театрларында қойылды.

Үстіміздегі жылы батыр бабаның 440 жылдық мерекесіне орай лайықты құрмет көрсету мақсатында маңызды шаралар өткізу қолға алынды. «Батыр бабаның жасампаз ерлігі ұрпаққа ұран» деген атпен республикалық ақындар айтысы, Қазалы ауданындағы Жалаңтөс баһадүр ауылын сәулеттендіріп, абаттандыру, ұлттық спорт түрлерінен республикалық және халықаралық жарыстар өткізу, Қызылорда қаласындағы Жалаңтөс баһадүр ескерткіші аллеясын жаңаша сипатта көріктендіру, «Жалаңтөс баһадүр түріктес халықтардың қолбасшысы әрі даңқты тұлғасы» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастыру, басқа да маңызды шаралар бар.

Бүгінгі және келешек ұрпақтың бақытты өмірі үшін елін қорғап,артында өшпестей мұра қалдырған Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлына Астана мен Алматы қаласында ескерткіш орнатса да артық емес. Бұл оның баға жетпес өлшеусіз еңбегіне көрсетілген зор құрмет болар еді.

Нажмадин МҰСАБАЕВ,
«Жалаңтөс баһадүр» атындағы республикалық қордың президенті.

● ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ РУХЫН ОЯТАДЫ



Жуырда қалың оқырманға арналған жазушы, тарих зерттеушісі Бегімбай Ұзақбаевтың «Тұранның тұғырлы тұлғасы» атты кітабының төртінші басылымы жарық көрді. Бұл роман Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлының туғанына 440 жыл толуына орай шығарылған.

Романда Орта Азияның бір бөлігі – Тұран елінде 40 жылдан астам уақыт бойы билік жүргізген қазақтың қайсар перзенті, тарихи ірі тұлға Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлының өмірі мен ерлігі жан-жақты суреттелген. Шығарманың оқиғасы шымыр, баяндалуы қызықты. Жалаңтөс батыр «бүгінімізді ойлау – ертеңімізді болжау» деген қағиданы қашанда ұстанып, тәртіптің болғанын жан-тәнімен қалаған. Ақылдылық пен ерлікке тең келер бұл дүниеде күш те, қару да жоқ деп түйсінген батырдың ел басқару мен оның бойындағы жауды сескендірер ерекше қасиеті оқырманды елітіп әкетеді. Қай жағынан жау төнсе де, бірінші болып аттанып, ат басын жүгеннен түсірмей, еңсесін еңкейтпей, жауынгерлерін жеңіспен жанып қайтатын Жалаңтөс бүкіл Тұран жұртының құрмет көрсетіп, сенім артар ақылшысына айналды.

Кітаптың Қазалы аудандық «Игілік» кооперативтік қорының «демеушілігімен жарық көргенін айта кету керек. Бұл еңбек жастардың азаматтық рухын оятып, еліне деген сүйіспеншілігінің, патриоттық сезімінің күшеюіне ықпал етері анық.

А.САҒАТБЕККЫЗЫ.

● ДӘСТҮР

БЕСІК БАЙҚАУЫ

Халқымыз қандай заман болмасын домбырасы мен бесігін ешқашан тастамаған. Атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, оның тәрбиелік маңызын кейінгі ұрпаққа жеткізу – бүгінгі буынның міндеті.

Ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның ұйымдастыруымен облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы негізінде мектепке дейінгі мекемелер арасында балалар бесік арбасы байқауы өткізілді. Шараның ашылуында облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Бибігүл Үмбетова «Тәуелсіз елге тәй басқан қадам» атты байқаудың мақсаты мен маңызына тоқталып, сайыскерлерге сәттілік тіледі.

– Еліміздің мерейлі мерейтойы аясында өткізіліп отырған маңызы зор шараны өткізудегі негізгі мақсатымыз – отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасындағы бала тәрбиесі мен ұлттық салт-дәстүрлерімізді дәріптеп, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан да байқауға қатысушыларға тек қана сәттілік тілейміз, – деді Б.Үмбетова.

Шара басталмас бұрын А. Тоқмағамбетов мәдениет үйінің фойесінде байқауға қатысушы балабақша тәрбиешілерінің қолынан шыққан бұйымдардан көрме ұйымдастырылды. Келген көрерменнің көз жауын алатын қолөнер бұйымдары, киіз үйдің, Тәуелсіздік монументінің, Бәйтеректің бейнелері, түрлі маталар мен моншақтардан жасалған суреттер мен керуен, қолдан жасалған бесіктер қойылған. Мұндай көрнекіліктер балабақшадағы бүлдіршіндердің ой-өрісін дамытуға, танымын кеңейтуге таптырмас құрал екені анық. Мәселен, №14 «Самал» балабақшасының түрлі ертегі кейіпкерлерінен жасалған арнайы сурет галлереясы жұртшылықтың қызығушылығын тудырса, №2 «Бөбек» балабақшасы тәрбиешілерінің жасаған Тәуелсіздік монументі мен құрақ көрпеше, киіз үй, бесік сияқты бұйымдары ерекше көзге түсті. Ал, «Бегім ана» балабақшасының керуен арбасы бұрынғы ата-бабалар жүріп өткен тарихтан хабардар еткендей. Осы секілді байқауға қатысушы 12 балабақшаның көрмеге қойған дүниелерінің қай-қайсысы да ерекше тартымды.

Қаламыздағы 12 балабақшаның әрқайсысынан бір тәрбиеші мен бір бүлдіршін өзара үш кезеңді қамтитын сайысқа түсті. Алдымен бірінші кезеңнің шарты бойынша қатысушылар ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейлі мерекесіне орай түрлі сахналық қойылыммен өздерін таныстырды. Анасы мен баласы немесе атасы мен немересі болып белгілі рольдерді сомдаған сайыскерлер өткен тарихымыздан хабардар ете отырып, Тәуелсіздіктің мағынасын ашатындай қойылымды екі минут ішінде орындап шықты. Жас жеткіншектерге егемен еліміздің өткені мен бүгіні туралы ұғынықты жеткілізген бұл кезеңнің тәрбиелік маңызы зор болды.

Мұнан кейін «Бесік жырын білесіз бе, жас ана?» атты кезеңде тәрбиешілер түрлі бесік жырларын айтып, өздерінің өнерлерін көрсетті. Рас соңғы кезде бесік жырын айтатын аналардың азайып баратыны жасырын емес. Бұл тұрғыда байқаудың екінші кезеңі бесік жырының бала үшін мән-маңызын тағы бір айқындап бергендей еді. Сәби кезінен анасының ақ сүтімен бірге бесік жырын тыңдап, қазақы әуенді құлағына сіңіріп өскен ұрпақ өнегелі, тәрбиелі болып, елжанды, ұлтжанды азамат болып қалыптасады.

Байқаудың үшінші кезеңі қолөнер бұйымдарының көрмесіне ұласты. Қатысушылар қолынан шыққан түрлі бұйымдар таныстырылып, бесік арбаларынан ұйымдастырылған шеру көрермен көңілін бір серпілтті. Қызықты әрі көңілді өткен сайыстың қорытындысы бойынша бірінші орынды «Бегім ана» балабақшасы, екінші орынды «Сыр бөбегі», «Ер Тарғын» балабақшалары өзара бөліссе, үшінші орынға «Бөбек», «Қуаныш», «Сыр еркесі» балабақшалары лайық деп танылды. Сонымен қатар «Тәлімді тәрбиеші», «Өнерлі тәрбиеші», «Ибалы тәрбиеші», «Білімді тәрбиеші», «Өнерлі бүлдіршін», «Сүйкімді бүдіршін», «Талантты бүлдіршін» сияқты номинациялар бойынша марапатталды. Жеңімпаздарға облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов арнайы дипломдар тапсырды және ұйымдастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтар берілді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

СЫРБОЙЫЛЫҚТАР КӨРМЕНІ ТАМАШАЛАЙДЫ

«Астана ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін өткізу – Елбасы Н.Ә.Назарбаев бастама еткен, Қазақстанның негізгі халықаралық жобаларының бірі болып табылады. Көрме бүкіл әлемдік жұртшылықтың назарында 93 күн бойы болатын келер жылдың ең маңызды және ұзақ оқиғасы екендігі мәлім. Қазіргі таңда Көрмені ұйымдастыру және дайындық қарқынды, бірнеше бағыттарда жүргізілуде.

«ЭКСПО-2017» – тек қана халықаралық емес, сонымен бірге ұлттық жоба. Өйткені, көрмеге келетін қонақтардың 80 пайыздан астамы Қазақстанның ішкі туристері болады деп күтілуде. Ішкі туристердің көрмеге келуіне еш шектеу болмайды. Керісінше, барлық жағдай жасалып, еліміздің өңірлерінен келетін қонақтарды қабылдап алу үшін тиісті дайындық жұмыстары жүргізілуде. Ал енді осы бағытта Қызылорда облысында қандай жұмыстар жасалып жатқанын білу мақсатында облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Н.Өмірсерікұлын әңгімеге тартқан болатынбыз.



– Нұржан Өмірсерікұлы, облыстағы дайындық шаралары неден басталды?

– Ағымдағы жылдың маусым айында облыс әкімі Қ.Көшербаевтың бастамасымен «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесін ілгерілету және дайындық бойынша өңірлік іс-шара жоспары бекітілді.

Осы іс-шара жоспарына сай, облыс тұрғындарын барынша ақпараттандыру және ілгерілету мақсатында облыстық деңгейде 73 бейнетүсірілім көрсетіліп, 85 мақала жарық көрді. Облыс көлемінде ЭКСПО–2017 көрмесі бойынша 73 билборд, 3 лайтбокс және 1 кіші архитектуралық формасы орналастырылды. Көрменің ресми логотипі Қызылорда қаласындағы 112 қоғамдық көлікке орнатылған.

Сондай-ақ, ЭКСПО-017 логотипі «Қайсар» және «Байқоңыр» футбол клубтарының формаларына орналастырылды. «ЭКСПО-2017» көрмесі және оның мүмкіндіктері туралы видеороликтер «Казақстан-Қызылорда» жергілікті телеарнасы арқылы тұрақты күніне 3-4 рет көрсетілуде. Жергілікті радио толқындарында ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысу бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде аудироликтер жаңғыртылуда.

Мамыр айында облыс әкімдігінің қолдауымен және «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның қатысуымен көрменің негізгі мақсаттары мен ерекшеліктері, сондай-ақ, ЭКСПО-2017 қатысушылары және ресми қолдаушыларына қойылатын талаптармен таныстыру мақсатында облыс әкімдігі ғимаратында «Роуд-шоу» жиналысы өтті. Нәтижесінде, «Астана ЭКСПО - 2017» Ұлттық компаниясы» АҚ мен жергілікті туркомпаниялар арасында өңірдің тұрғындары үшін көрме билеттерін сату жөніндегі бірқатар меморандумдарға қол қойылды. Оның қатарында жергілікті туркомпаниялар мен қонақ үй бизнесінің басшылары арасында облысқа келген көрме қонақтарына жеңілдіктер ұсыну туралы меморандум да бар. «Байқоңыр Инвест» VII инвестициялық форум аясында қала ішінде көрмені насихаттау және кеңінен таныстыру мақсатында ЭКСПО-2017 логотипі ілінген «Ван Холл» жолаушылар автобусы жүргізілді.

Сонымен бірге, облыстың ресми сайтында көрме логотипі орналастырылды және де бұл логотип сол мезетте сайттан көрме туралы ақпаратты алу сілтемесі болып табылады. Облыстың веб-сайтында көрменің басталуына кері санақ күні орналастырылды.

– ЭКСПО-да қызмет көрсетушілер дайындау жағы қалай?

– Бүгінгі күні көрме қонақтарын қарсы алу және қызмет көрсету үшін еріктілерді оқыту және қайта даярлаумен айналысатын тренерлерді анықтау мақсатында оқытушылар арасында іріктеу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген Қызылорда қаласының жоғары оқу орындары мен колледждерінің студенттері арасынан іріктелген 181 ерікті тізімі қалыптастырылды. Жақын арада «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясына облыстан қосымша 100 ерікті бағытталатын болады, оның ішінде, 30 ерікті – Байқоңыр қаласынан.

– Көрме қонақтары біздің облысқа да ат басын бұратыны белгілі...

– Көрменің өткізілу кезінде облысымызға көптеген шетел азаматтарының келуі күтілуде. Жасыратыны жоқ, сол келген туристердің 80 пайызы «Байқоңыр» ғарыш айлағын көруге қызығып келеді. Сол сылтаумен, қала мен аудандар бойынша көрнекті орындарды көрсету жоспарланып отыр. Атап айтатын болсақ, «Қорқыт ата» мемориалды кешені, «Қамыстыбас» көліндегі жағажай, «Жаңақорған» шипажайы, тарихи мұра – Жанкент және Сығанақ қалалары.

Бүгінгі күні облыстағы орналастыру орындарының сапасын, сондай-ақ, төсек-орын санын анықтау мақсатында басқарманың ұйымдастыруымен мониторинг жүргізілді. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде облыстағы орналастыру орындарының базасы қалыптасып, Қызылорда облысы әкімдігінің ресми интернет ресурсында орналастырылды. Сонымен бірге, көрме қонақтары мен қатысушыларының Қызылорда облысына келуі жөніндегі желілік кестесі бекітілді. Желілік кестеде туристік бағыттар мен логистика түрлерін көрсете отырып, облыстың тартымды туристік нысандары анықталған.

Ағымдағы жылдың мамыр айында 20 нөмірлі «Рема» қонақ үйінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Қонақ үйдің 5 нөмірі «VIP» қонақтарға арналған. Аталған қонақ үй «Байқоңыр Инвест»VII Инвестициялық форумының қонақтарын қабылдады. Бұдан өзге, ағымдағы жылдың аяғына дейін тағы 2 қонақ үйдің ашылуы жоспарлануда.

Бұдан бөлек, туристерді тарту үшін «Байқоңыр» кешенінің туристік әлеуетін ескере келе, «ЭКСПО-2017» көрмесінің өткізілу кезеңінде «Алматы – Байқоңыр – Алматы» және «Астана – Байқоңыр – Астана» чартерлік әуе рейстерін ашу мәселесі пысықталуда.

– Ал біздің облыс тұрғындарының Астанадағы көрмені тамашалауды ұйымдастыру, билет құны, оны сату жүйесі туралы айта кетсеңіз...

– Астана қаласында «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу кезеңінде облыс тұрғындарына баруға арналған квотасы – 75 000 адам. Облыс тұрғындарының (оқушылар, еңбек ардагерлері, зейнеткерлер, мүгедектер және аз қамтылған отбасылар) Астана қаласындағы көрмеге қатысуын облыстық бюджет көзінен қаржыландыру мәселесі қарастырылуда.

Қазіргі таңда мүдделі орталық мемлекеттік органдармен «Қызылорда – Астана» бағыты бойынша қосымша поезд құрамдарын қосу мәселесі пысықталуда.

Ағымдағы жылдың 10 маусымынан бастап көрмені тамашалау үшін онлайн-билеттер сатылымы басталды. Облыс тұрғындарына онлайн-билеттер мен жеңілдіктер жөніндегі барлық ақпарат жергілікті БАҚ-та тұрақты түрде жарияланду. Осы орайда, бүгінге облыс тұрғындары 362 билетті онлайн-режимінде сатып алған болатын. Жұмыс күнге арналған күні белгіленбеген билетін – 6 000 теңгеден, демалыс күнге арналған күні белгіленген билетін – 8 000 теңгеден және де күні белгіленген билетін 4 000 мың теңгеден сатып алуға болады.

Алдағы желтоқсан айынан бастап Қызылорда қаласының арнайы орындары мен кассаларынан билеттерді сатып алуға болады. Қосымша ЭКСПО-2017 билеттерін сатып алу бойынша түсіндірме жұмыстары ірі кәсіпорындар қызметкерлері мен мемлекеттік қызметкерлер арасында жүргізілуде. Қазіргі таңда облыс тұрғындарының (оқушылар, еңбек ардагерлері, зейнеткерлер, мүгедектер және аз қамтылған отбасылар) Астана қаласындағы көрмеге қатысуын облыстық бюджет көзінен қаржыландыру мәселесі қарастырылуда. Басқарма бүгінде көрме билеттерін сатуды жүзеге асыру үшін халық көп шоғырланатын орындарға (ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлері және т.б.) мониторинг жұмыстарын жүргізуде.

ЭКСПО-2017 билеттерін сатып алу шарттарын түсіндіру мақсатында облыстық блогерлермен кездесулер өткізілді, сондай-ақ барлық ақпарат «Фейсбук», «Инстаграмм» және «Вконтакте» секілді танымал әлеуметтік желілерде жарияланды.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Сыр мұрабы – МӘДЕЛХАН

«Азаматты туған жерінің қасиетті топырағы жаратады» деген сөз бар. Осы қағиданы Сырдың тұлғалы азаматтарының тарихы дәлелдейді деуге болады. Сыр елі күріштің отаны атанғандықтан атақты Ыбырай Жақаевтың шығуы заңдылық деп ойлаймыз. Ыбырай атамыз жүздеген жас күрішшілерді рухтандырып, өңірдің өркендеп, дамуына зор үлес қосқаны анық.

Сыр өңірі – суармалы егіншіліктің туын тіккен өлке. Инженерлік жүйедегі суармалы жер Қызылорда облысын өзге аймаққа ұқсамайтын, ерекше өңір ретінде айғақтайтын, келер ұрпақтар үшін Сыр елі қадірін еселей түсетін маңызды қазына. Басқа өндіріс түрлері табиғи негізі мен қоры азаюына немесе таусылуына байланысты бәсеңсіп, болмаса тоқтап қалуы да мүмкін. Ол жағдай суармалы егіншілік саласында болмайды. Аға ұрпақ мол еңбек сіңіріп, қолымызға беріп кеткен инженерлік жүйедегі суармалы жер жақсы күтімі болса, бізге және кейінгі ұрпақтарға жемісін берері анық. Сыр елінде мелиорациялау жұмыстарының жоғары қарқынды орындалуын қамтамасыз етіп, өнегелі еңбек үлгісін көрсетіп кеткен Ержігіт Бозғұлов, Айқынбай Дүйсеков, Сабыр Арыстанбаев, Елтай Құттыбаев, Кенжебек Ерімбетов, Елтай Тыныштықбаев, Жанайбек Сақтағанов, Қуаныш Есханов, Әскербек Мақұлбеков, Тыныштықбай Сырғабаев, Исатай Алдабергенов және оралмас сапарға аттанғанына жылға жуық уақыт болған Мәделхан Нәлібаев ағаларымыздың шоқтығы биік.

Адам өмірге келгеннен үміт отын тұтатып, айналасына қолынан келгенінше мол ықпал мен қолқабыс тигізуге ұмтылатын шығар. Көпшілігінде солардың бәрі жүзеге асып та жатады. Дегенмен, туысы бөлек, жаратылысы өзге, болымды азаматтарға бұл мақсат аздық етеді. Олардың үміті жоғары, олардың көздегені биік, олардың өмірлік жолы мен ұстанымы да өзгеше. Сондай жаратылысы бөлек азаматтардың қатарына Мәделхан ағайымызды жатқызуға әбден болады. Ағамыз жасынан зерек болды. Қиындықты көп көрді. Жақсы оқыды. Соның арқасында осы өңір үшін маңызы жоғары мамандық иесі атанды.

Мәделхан ағайымызға қаратып айтқымыз келеді. Біздің ойымызша, ағамыз өмірде жолы болған, мол несібелі жан. Өйткені, ол кісі жерге нәр беруші мамандығын қалапты. Біздің Сыр өңірінде жас баладан бастап, еңкейген кәріге дейін білетін қағида – бұл аймақта су бермесең ешбір өсімдіктің, дақылдың өніп-өспеуі, өнім бермеуі. Содан ағамыз ұлы Сырдарияның нәрін жастайынан егіске жеткізіп берді, оны егіншілердің зор ықыласпен пайдаланып, өңір азаматтары, ел халқының ырзығын көбейткенін көрді. Тіпті, көріп те қойған жоқ, сол маңызды іске ол кісі жан-тәнімен араласты, бағалы тамшы суды жолымен, ретімен пайдаланып, өмірге қажет өнімді алу жолын үйретті, баулыды азаматтарды. Осыдан Мәделхан ағайымыздың дәрежесі өсті, рухы биіктеді, соңында ел жанашырына айналды. Айналғаны сол болар, ағамызға Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген гидротехник атағы берілді. Бұл, түсінген адамға зор мәртебе еді.

Азамат өмірінде жақсы жұмыс атқарып, қоғамға қолынан келген үлесін қосса, оның тірлігі зая кетпегені. Екінші, азамат осының барлығына иелік жасап, оған қоса жұртқа пайдалы, өнегелі сөз қалдырса, оның өмірі одан да мәнді болғаны шығар. Үшінші, азамат осыларға қосымша соңына кітап қалдырса, оның бағасы мен қадірі жоғары болғаны да. Ал, тұлғалы азамат нақты мамандық иесі бола тұра, артына бірнеше кітап қалдырса, не болғаны?! Шамасы, осындай өрелі азаматтың жасаған еңбегін бағалау қиынның қиыны шығар. Мәделхан ағамыз соңына бірнеше кітап қалдырды.

Ендеше, Мәделхан ағамыз жазған кітаптарды санамалап көрейік. 2001 жылы «Су туралы толғаныс», 2005 жылы «Су – өмір шежіресі» кітабы жарық көрді. 2010 жылы «Шежірелі Сыр бойы», 2013 жылы «Қилы-қилы замандар-ай» атты кітаптары баспадан шықты. 2014 жылы «Сырдың шежіресі сыр шертеді» атты көлемді кітабын шығарды. Сөйтіп, бас-аяғы 14 жылдың бедерінде ағамыз бес кітап жазып, шығарыпты. Бұл, сонда қандай алапат еңбек десеңізші! Ағамыз соңғы кітабының мұқабасында: «Шежірелі Сыр бойы бабам мекендеген өлкесің, мен үшін ғажап көркемсің, ежелгі су мен ну елі Сыр елі өсіп көркейсін», – депті. Осы өлең жолдары ағамызға өмір бойы бағыт сілтеуші темірқазық болыпты. Бұған ардақты ағамыздың туған жеріне деген перзенттік зор сүйіспеншілігі, өзінің өмір бойы атқарған азаматтық игі істері мен туған өлкеге арнаған шынайы абыздық тілегі де толығымен сыйып тұрғандай көрінеді.

«Сыр туралы толғаныс» кітапбын парақтағанда айырықша көзге түсетіні «Сыр мұрабтары» тарауы. Онда Мәделхан ағамыз: «Ата-бабамыз Сыр мұрабтарына су мен жердің тағдырын сеніп тапсырып, Ахун, Ақсақал, Мұраб деп құрметтеп, су мен жердің тиімділігін арттырып, тасқын судан қорғануды бүкіл ел болып жұмыла еңбек еткен», – депті. Осы сөйлемде ағамыздың өзі таңдаған мамандығына деген ықыласы мен сүйіспеншілігі жатқандай. Мұны біз 1830 жылы туып, өсе келе Сыр өңірінде бірінші болып «мұраб» деген жоғары атаққа ие болған Нұртаза Қосымбетұлының өмірде өткен жолдарын ағаның тамаша суреттегенінен байқадық. «Нұртаза мұрабтың көрегендігі соншалықты, айналасын бірнеше рет телегей теңіз қарғын су басқанмен, еш уақытта бұл жерге су шықпаған, әдепкі көшіп келген кезде арық қазуға уақыттың тарлығына, мүмкіндіктің жоқтығына байланысты Нұртазаның диқандық кеңесімен ежелден егіншіліктің сырын жақсы ұққан ел, күзде қопа қамыстың шіріндісі мол, шағын саяз көлдердің су келер қылтанақ сағасын байлайды. Ерте көктемде судан шыққан жиектерін айналдыра жерағашпен айдап, арпа-бидай егіп, ортасындағы су тартылысымен ылғалын кептірмей, ұяның беті қатпау үшін құм сеуіп, қауын-қарбыз егеді. Жаз айларында жер астындағы мол ылғалды жоғары көтеру мақсатында ұяның айналасын терең етіп аударып тұрған. Көлтабанға егілген қауын-қарбыз тәтті әрі сөлді болғандықтан диқандар бұл әдісті жақсы игеріп, жер мен судың жағдайына қарай күзде егістік алқаптарға мол су жіберіп, ерте көктемде қолдан жасалған дайын суалмаға егін егуді әдетке айналдырған», – деп жазады.

Осылайша, ағамыз арғы ғасырдың аяғы, өткен ғасырдың басындағы егінші қазақ ауылының тірлігі мен күнкөрісін тамаша көрсетіпті. Енді ағаның осы айтқандарын, терең зерделеп қарасақ, бір ғасыр бұрынғы жерді ылғалдандыру әдістерінің артықшылықтарын су тапшылығы орын алған казіргі уақытта өз ретімен тиімді қолдануға болатынын байқауға болады. Демек, бұл өңірімізде бұрын өткен мұрабтардың істері мен бүгінгі заман су мамандарының өндірістік тәжірибесінің жалғастығы мен үйлесімділігі бар деген сөз. Мәселе сол жалғастықты зерттеп, бүгінгі күннің қажетіне пайдалану. Бұл – бір өте құнды дүние.

Мәделхан ағаның тағы бір ерекше қырын айтпасқа болмас. Ол, ағамыздың суландыру жұмыстарының ертеден орын алған тарихын арнайы тарихшы-маман сияқты зерттеуі. «Су шаруашылығы мамандарын ынталандыру мақсатымен Екінші Николай патша 1896 жылы арнайы «Мұраб» атты медаль шығарып, суармалы егіншілікке айырықша еңбегі сіңген су мамандарына шекпен жауып, медаль берген. Осындай үлкен құрметке ие болып, медаль алған Сыр су мамандарының атасы Қосымбет ахунның ұлы Нұртаза ақсақал. Төңкеріске дейін 1910 жылы В.Г.Глушковтың басшылығымен гидрометриялық, 1911 жылы А.Н.Костяковтың басшылығымен гидромодульді зерттеулер жүргізілген. Төменгі Сыр бойында тікелей су шаруашылығымен айналысатын ұйымдар құрылды. Атап айтқанда, әдепкі жылдары Перовск уездік су шаруашылығы, 1923 жылы Ақмешіт су округі, ал 1924 жылы Қызылорда және Қазалы су округтері құрылды». Көрдіңіз бе, ол кісінің құнды мағлұматтары келтіруін. Шын мағынасында бұл деректер қазақ тілінде алғаш рет жазылып отырғаны рас. Олай болса, Сырдарияның төменгі ағысындағы суландыру жұмыстарының тарихы жоғары деңгейде зерттелінуінің жақсы үлгісі деп айтуға болады.

Ағамыз 1994 жылы зейнетке шыққаннан кейін Қызылорда су торабы кеңсесінің бірінші қабатын босатып алып жұмысқа шындап кіріседі. Бұл іс оңайға соққан жоқ, әрине. Өткен кезеңдерде өңірді басқарған азаматтардың қабылдауында бір емес, бірнеше мәртеден болыпты. Облыстық мекемелердің басшыларымен де көптеген кездесулер өткен.

Ол кісіде алдына қойылған зор мақсат тұрды. Ол – осы өңірде еліміздің ешбір аймағында бұрын-соңды болмаған су шаруашылығына арналған мұражай жасау. Бұл мақсатты ағамыз өзінің қылшылдап тұрған жас кезінде-ақ алға қойғаның айтпасқа болмайды. Ағамыз ертеректе болған бір кездесуде: «Мен елге маман болып келгесін шамалы уақытта суландару саласының осы өңірге деген маңызын жете түсіндім. Сол кезден-ақ, осы саланы өркендетуге, дамытуға күш-жігерімді аямауға өз-өзіме уәде бердім», – деп еді. Міне, осыдан-ақ ағаның іске асырып кеткен игі істерінің түбірін ертеден іздеген жөн болар.

«Сыр шежіре» мұражайын жасауда кездескен қиыншылықтар турасында былай жазыпты: «Дүниеде адамды жалған жақындатып, ақиқаттан алшақтататыны баршаға аян. Дегенмен, «Болмасын деген оңбасын» деп болмасын дегендерге ашы, болсын деп кезінде қолдау жасағандарға тұщы, осы ащысы-тұщысы аралас шындықты өзгертпей, өз күйінде жазуды жөн көрдім». Бұдан байқағанымыз, өңір азаматтарының, аймақ жастарының мол тәлім-тәрбие алып жатқан аталған мұражайды орнатуда ағамыздың басынан өткізген машақаты мол болған сияқты. Өзге біреу болса: «Маған осы әуеніің не қажеті бар, жүйкемді шаршатып, шашымды ағартып, одан да тиыш неге демалмаймын», – деп өз жағдайын қамдаған болар еді. Бірақ, Мәделхан аға ондай адам емес еді.

Мәделхан ағамыздың айтарлықтай еңбегі «Сыр мұрабы» қоғамдық бірлестігін ашуы. Бірлестікті ол кісі өзі ұйымдастырып, рухани жетекшісі болды. Сол бірлестіктің басшыларын Мәделхан ағайымыз өзі сайлап отырды деп те айтуға болады. Сол ұйымның мәжілістері Мәделхан ағаның қатысуынсыз өткен емес. Бүгін Мәделхан аға қасымызда жоқ. Сондықтан, сол қоғамдық бірлестіктің басшылығы мен қатардағы мүшелеріне жіті ойланар уақыт жеткен сияқты. Осыны бізге ағаның өмірлік жолы мен ұстанымы есімізге салып отыр.

Ертеде осы ағаның қамқорлығы мен шапағатын көрген жайымды айтқым келеді. Ол уақытта мен Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институты Қызылорда филиалында факультет деканымын. Филиалға Одақтың өзге ірі орталығынан екі-үш маман келді. Олардың мақсаты студенттердің мамандық пәндерді оқу жағдайымен танысып, бітіруші түлектердің өңірдің су шаруашылығы саласында жарасымды еңбек етуге дайындығын да бақылау болатын. Ол азаматтар келешекте біздің түлектерімізді жұмысқа қабылдап, оларға алдын ала өндірістік және оқу практикаларының өту жағдайларымен танысқысы келгені белгілі болды. Сондықтан өңірдің сондай талаптарға сай келетін екі-үш мекемелеріне баруға ниет білдірді. Осыған байланысты Мәделхан ағамен ақылдастық. Біздің ұсынысымызды үлкен ықыласпен қабылдағаны әлі есімде. Ол кезде ағамыз Сырдария аудандық суармалы жүйелері басқармасының басшысы болатын. Содан не керек, ағамыз бізбен екі күн бірге болып бүкіл ауданның суармалы жүйесінің жағдайымен терең таныстырды. Сонымен қатар, бұл басқарманың басты міндеті – аудан көлемінде орналасқан шаруашылықтардың егісіне суды жеткізіп беріп, оның тиімді пайдаланылуына көмектесіп, қадағалау болатын. «Айдарлы» және «Амангелді» шаруашылықтарына бізді алып барып, олардың егістерінде дақылдарды суару жұмыстарымен таныстырды. Сөйтсек, ол шаруашылықтарда біздің филиалды бітіргендер су маманы болып істейді екен. Осының бәрін өз көздерімен көрген қонақтар риза болғанын біз де көріп, Мәкеңнің тапқырлығы мен көрегендігіне тәнті болдық.

1990 жылы біздің филиал өз алдына дербес жоғары оқу орны болып шыға келді. Сөз жоқ, бұл елеулі оқиға тақыр жерде орнатылған жоқ. Оған филиалда сол қиындығы да, қызығы да парапар кезеңде қызмет жасаған азаматтардың еңбегі негіз болғаны да рас. Азаматтардың қажырлы еңбегін ұтымды ұйымдастырып, Сыр өңірінде тарихта дербес екінші оқу орнының ашылуына жоғары ұйымдастырушылық жігер мен биік ынта көрсеткен талантты, талапты тұлғалы азамат Уәлихан Бишімбаевты айтуға тиіспіз. Кезінде өзінің көмегі мен қолынан келген септігін тигізген Мәделхан ағайымыз да сол жоғары оқу орнының Сыр өңірінде дербестікке құтты қадам басуына мол үлесін қосқан азамат деп айтуға әбден болады.

Міне, ардақты ағаның арамыздан алыстағанына да жылға жуық уақыт өтіп кетіпті. Сыр елі су шаруашылығы саласының мамандары айтарлықтай жетімсіреп қалғанымыз рас. Бірақ, ағамыз жазып, қолымызға ұстатып кеткен кітаптар, жадымызға сіңіріп кеткен өнегелі сөздері бар. Қасиетті Сырдарияның нақ жағасында ол азаматтың өз қолымен жасап кеткен «Сыр шежіре» мұражайы тұр. Ал, енді осы аз ба?! Жоқ, бұл көп, өте көп. Бұл – ағаның жасаған азаматтық үлкен ерлігі. Осылай айтпау мүмкін емес. Солай десек, ардақты ағаның өнегелі істерін көріп, зерделі сөзін тыңдаған қауым риза болады. Сонда біз не істеуіміз керек? Біз, Мәделхан ағамыз қасымызда жүргендей зерек болуымыз, ол кісі қырағы көзімен көріп тұрғандай өз ісімізге нық болуымыз, сол ағамыздың елге, су шаруашылығы саласына көрсеткен жоғары жанашырлығын жалғастырып, бүкіл Сыр бойы су мамандарын өлкеміздің жер мен суын сақтап, тиімді пайдалану жұмыстарына бас-көз болып бірігуіне шақыруымыз керек, үйретуіміз қажет.

Мәделхан ағамыз бен Нағима апайымыз өнегелі ұрпақ өсірді. Бүгін сол іні-қарындастарымыз ел үшін абыройлы қызмет жасауда. Өткен жылдың соңында ағамыз қатты ауырды. Сол кезеңде, сөз жоқ, ардақты аға өз ұрпағы мен ел тілеуінде жатты. Сонымен қатар, аға өзінің өмірлік дерлік бір өте маңызды, жоғары мағыналы атқарған ісінің нәтижесін де көргісі келгені анық. Оны ол кісі күтті де. Оны өз көзімен көріп кеткісі келді. Аға оны көріп кетті. Өзі салған мұражайдың келешектегі тағдырын анықтайтын жергілікті биліктің қаулысын көрді ағамыз. Бұл да тағдырдың тұлғалы азаматқа көзінің тірісінде берген мол сыйы болған шығар.

Жоғарыда айтқандарымызға орай бізге төмендегідей ой келіп отыр. Мәделхан ағамыз баршамызға мол қазына қалдырыпты. Сондағы ол кісінің көздегені өңірде өнегелі ұрпақтың өмір сүруі. Ол – ағамыздың көздеген мақсаты туған аймақта су шаруашылығының өркендеуі мен жақсы дамуы. Жазып қалдырған кітаптарында сол мақсатқа жету жолдар көрсетіп те кеткен. Енді біздің алдымызда осыған орай келелі жұмыстар бар деп ойлаймыз. Ол – ардақты ағаның қалдырған рухани мұрасын барынша толық зерттеу. Ағаның өзі айта алмай кеткен ойларын жалғастырып, тереңдету. Осы игілікті іске барынша талапты жастарды, студенттерді тарту. Бұл, бір жағынан осы мамандықты таңдап, білім алып жатқан жастардың мақсатын одан сайын ұштап, тереңдетіп, олардың сол мамандыққа барынша ықыласын мол аударуына зор ықпал жасауы анық.

Мәделхан аға Сыр елі су шаруашылығы саласы мамандарының ақсақалы, ұстазы еді. Өйткені, тұлғалы азамат ес білгелі өлкеміздің жері мен суын ұғынуға, түсінуге құштар болып өсті, осы аймаққа маңызы жоғары мамандық иесі атанды, өмірден озғанша жер мен судың қамын ойлап, өңір азаматтарының, бүкіл еліміздің қамын шаршамай-талмай қамдап, мол еңбек сіңірді. Зерделеп қарасақ, ағамыз су маманы, ұстаз, зерттеуші, тарихшы, жазушы, философ, ұлттың өнеге-үрдісін насихаттаушы, ел болашағын қамдаушы қажырлы азамат. Ауылда, аймақта өзгенің қамын ойлап, өнегелі өмір сүрген, ұлағатты сөз бен игілікті істерін қалдырған тұлғалар көп болса, сол ауылдың, аймақтың келешегі жарқын болады деген де әңгіме бар. Ендеше, Мәделхан ағайымыз дәл сондай азамат еді. Ардақты ағаның рухы жаннатта шалқысын.

Серікбай ҚОШҚАРОВ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы, «Құрмет» орденінің иегері.

Шымкент

Керуендер қайта оралады

Планетаның барлық континентерін аралап шығып, өзінің туған өлкесін, әсіресе Қазақстанның оңтүстігі сияқты әсем жерді танып білмеген адамдарды түсіну қиын. Осы өлкенің көрігі Шымкент – ең қонақжайлы қалалардың бірі, шығыс тағамдарымен, тау-өзендерімен, жайнаған пейзаждарымен әйгілі. Бірде-бір саяхатшыны немқұрайды қалдырмайтын жайлы жер. Оған бір барған адам қайта-қайта оралғысы келетін үй.

Ұлы Жібек жолының қиылысында орналасқан Қазақстанның оңтүстігі - Орта Азиядағы ең дамыған өңірлердің бірі болып табылады.

Ежелде керуендер Сайрам сияқты қалалар арқылы, одан әрі шығысқа қарай Тараз, Ферғана алқабы, Ыстықкөл және Қытай арқылы өткен. Бұл түрлі халықтар мәдениетінің араласуына себеп болып, оңтүстік өлкеге шығыс сүйікмділігі мен жан таңғажайыбын берді.

Шығыс тамағының таңдаулы дәмі бүкіл әлемнің тамақ талғағыштарының назарын аударады. Хош иісті қәуап, тандыр жұқананы немесе иісі мүңкіген нағыз палау, жанынан қалай өтіп кетесің?! Дамыған инфрақұрылым мен оңтүстік климаттың жұмсақтығы жыл бойы таза ауада түрлі дәмді тағамдардан ләззат алуға мүмкіндік береді. Сіздерді күлімсіреп, баурап алатын жазғы террасалар, жайлы дәмханалар мен мейрамханалар үй жайлылығымен және өте дәмді таңдаулы тағамдармен қарсы алады. Еуропалық және азиялық тағамдарды жақсы көретіндер де аш қалмайды, мұнда шырынды американдық стейктердің, нағыз итальяндық пиццаның, жапон сушиінің және тағы басқа тағамдардың дәмін татуға болады.

Әрине, оңтүстік өңірдегі туризмді де назарсыз қалдыруға болмайды. Бұл жағынан көркем мегаполис Қазақстанның бірде-бір қаласынан кем түспейді. Бір күн ішінде қар басқан таулардан қызған құмға өте шығуға, мөлдір тау өзенінде шомылып, нағыз минералды судың дәмін татуға болатынын көз алдына елестетуге болар ма екен?

Өзін тау шындарының бойсұндырушысы, батыл рафтшы, құмар аңшы және балықшы ретінде сезінетін белсенді демалыс әуесқойлары үшін нағыз жұмақ. Оңтүстік Қазақстанның табиғаты термалды және минералды көздерге бай, оның шипалы климаты көптеген дерттерді емдеу үшін өте пайдалы. Көптеген санаторийлер және демалыс аумақтары сізге уақытты жақсы өткізуден басқа, денсаулығыңызды нығайтуға көмектеседі.

Бұған қоса, қалада және оның маңында тарихи және архитектуралық көзтартарлық орындар, қажылық орындары, қорықтар бар.

Шымкенттің өзінде де ойын-сауық орындары аз емес. Жергілікті тұрғындардың көңілкүйі күнтізбедегі күндерге байланысты емес, мерекелік сезім қала тұрғындарының жанына мәңгі тән болып қалған. Көшеде тұнжыраған, жұмысқа асығып бара жатқан адамдар сирек кездеседі, ал егер кездесе қалса, онда ол басқа қаланың тұрғыны. Нағыз шымкенттік еңбекқор, мейірімді және көңілді, өз ісін сүйісінушілікпен орындауды олардан үйренуге болады.

Қала тұрғындары демалуды жақсы көреді және дем ала біледі, алуан санды саябақтар мен парктер ешқашан бос болмайды. Филармонияларда, мұражайларда, кітапханаларда туристер мен қала қонақтары үшін қызықты нәрселер аз емес. Онда таңертең жүгіруге немесе бұтақты ағаштардың көлеңкесінде серуендеуге болатын Орталық саябақ, Абай атындағы мәдениет және демалыс саябағы, сирек кездесетін өсімдіктер ортасында отбасылық сейілдерді жасауға болатын Дендропарк, тамаша тоғаны мен жүз жылдық емендері бар «Кен-баба» саябағы осы күнге дейін қызықтырады. Түркістан, Отрар, Сайрам және Сауран қалаларына жыл сайын сан мыңдаған туристер мен қажыға барушыларды өзіне тартады. Түркістан оңтүстік өлкенің ең ежелгі қаласы деп есептеледі. Ол мұсылман ақыны Қожа Ахмет Иассауи арқасында әйгілі болды. Ертеде бұл қалада таққа отыру рәсімі өтетін, келіссөздерді жүргізу үшін алыстағы елдерден елшілер жолданатын қазақ хандығының астанасы болған. Ақын қайтыс болғаннан кейін Темірланның бұйрығы бойынша «Қожа Ахмет Иассауи» кесенесі салынды. Осы кесенені салған кезде, салынған нысандарды дауыл бірнеше рет қиратқан деген наным бар. Сонда Темірланға алдымен Иассауидың рухани тәлімгеріне кесене салу қажет екендігі туралы түс кіреді. Осылайша көне Отырар жерінде Арыстан баб кесенесі салынды. Мүмкін сондықтан да қажыға барушылар мен туристтер ең алдымен Арыстан баб кесенесіне, ал содан кейін Түркістанға барады.

Ежелгі Отырар қаласының орны осында Темірлан соңғы баспанасын тапқанымен және әлемге әйгілі ойшыл, философ Әбу Насыр Әл-Фараби дүниеге келгенімен әйгілі. Арыстан баб кесенесінің жанында Үкаш ата құдығы орналасқан. Құдықтың ерекшелігі, ондағы суды алатын тесік тік емес. Кінәсіз адам құдықтан толық шелекті оңай алады, ал кінәлі адам оны бос немесе тесілген түрде алып шығады деп есептеледі.

Шымкенттің тағы да бір қызықты ауданы – санғасырлық Сайрам. Ақ өзендегі ежелгі қала өз тарихына, онда ортағасырлық ғалымдар мен ислам қайраткерлері жерленген ескі кесенелер мен ескерткіштерге бай. Әйгілі кесенелер – Ибрагим ата мен Қарашаш ана кесенелері Ахмет Иассауи құрметіне салынған.

Ежелгі Сауран қаласының тарихы сан ғасырлы, ғалымдар арасында ол туралы осы күнге дейін дау-талас толастар емес. Қала Қазақстанның «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына кіреді, онда бүгінгі таңға дейін археологиялық қазу жұмыстары жүргізілуде. Қазу жұмыстары кезінде табылған түрлі заттардың сыныктары қалада мектептер болғанын, ал қала тұрғындарының білім деңгейі жоғары болғанын куәландырады. Қала алты метрге дейінгі деңгейде биік қабырғамен қоршалған сопақ алаңша болып табылады. Сақталған ортағасырлық қираған үйінділер қазіргі уақытта адамдарға ескі қаланың барлық күш-қуатын көрсету үшін қайта жаңғыртылды.

Шымкенттің төңірегінде Азиядағы ең ескі «Ақсу-Жабағылы» қорығы орналасқан. Ол Қазақстандағы алғашқы қорық. Қорық Ақсу және Жабағылы атты екі өзеннің арасына орналасқан. Оның бірегейлігі алуан түрлі бояулардан тұрады. Өсімдіктер дүниесі әр алуан: қылқан жапырақ және арша орманына ауысатын құрғақ дала, тау шындарын безендіретін биік тау алқабындағы көгал. Бұл жерді табиғи жағдайларда жануарлар мен құстардың сирек кездесетін түрлері мекендейді, жойылып кету қауіпі төнген өсімдік түрлері де өседі. Нағыз флора мен фауна корольдігі. Бас айналдыратын тасқынды өзендер мен сарқырамалар, шуақты көгілдір аспанның бейнесі шағылатын тау көлдері. Табиғат пен көркемдікті бағалай білетін адамдар мұнда өздері үшін жұмақтай жерді табады. Ал, Қаратау тауларында ең жас табиғи қорық орналасқан. Таудың басында тастан «тақ» салынған, оған кез келген адам отырып, айналадағы көркемдікті бірнеше метр биіктіктен тамашалай алады. Таудың таза ауасы, шипалы өсімдіктері мен қайнар суы Қаратау қорығының бар күш-қуатын ұштастырады. Бай өсімдік әлемі жүздеген бірегей өсімдіктерді қамтиды, олардың кейбіреулері қызыл кітапқа енгізілген. Қорықтың фаунасы жабайы жануарлар мен құстарға толы, олардың құрып кету қауіпі төнген түрлерін қазір сақтауға тырысады.

Шымкенттен 50 шақырым жерде Біркөлік шатқалы бар. Шатқал бойымен мөп-мөлдір Біркөлік өзені ағып жатыр. Оның таза мөлдір салқын суы шатқалдың жасыл алқабын суландырып тұрады. Осы өлкенің ауасы адам денсаулығына қолайлы әсер ететін фитонцидтерге толы. Бұл – тыныс алу органдарын, жүйке жүйесін, жүрек ауруларын емдеу үшін қолайлы жер.

Мөлдір өзендер ағатын, таутекелер, аюлар, тіпті қар қабыланы да кездесетін көркем Сайрам-Су шатқалы өзінің екі түсті көлімен әйгілі. Бір қызығы, көлдің бір жағы көгілдір, ал екінші жағы – ақшыл-көгілдір. Бұл жайында тамаша аңыз бар. Аңыз бойынша, осы тауларда бір тайпа тұрған. Тайпаның көсемі ханмен құдаласып, оған қызын бермек болған, бірақ қыз мұны естіп, әжесінің батасын алып, қарапайым бақташымен қашып кетіпті. Қош айтысарда кемпір немересіне көгілдір тасы бар сақинаны және жылан тәрізді көк білезікті сыйға тартқан. Бұған қатты налыған әкесі қайсар қыздың соңынан қуғыншылар жіберді. Жастар құтыла алмайтынын түсініп, құшақтасты да бір-бірінен айырылмауға уәде берді. Қыз жерге сақинаны тастаған кезде, сол жерде көгілдір түсті малахитті көл пайда бола кетеді. Содан кейін ол жерге білезігін тастады. Ол жерде шексіздік белгісі болып табылатын сегіздік түріндегі көл пайда болды.

Шымкенттің жанында Ақмешіт үңгірі бар. Ағаш өсетін, құстар ұшып жүретін ең құпиялы жер. Жылдың кез келген кезеңінде үңгірдегі 9-15 градусқа жуық бір ғана температура. Оңтүстік төңірегі түрлі аңыздармен әйгілі, бірақ дәл осы үңгір туралы әңгімелер ең көп. Оның бірінде жоңғарлар шабуылы кезінде үңгірде балалар мен әйелдер тығылғаны туралы баяндалады, екіншісінде бұл адамдар мен малға шабуыл жасайтын айдаһар үңгірі болғаны туралы баяндалады. Үңгір бақылаушысының сөзі бойынша, ертеде бұл жерде жерасты жолдары бар мешіт болған, үңгір өзінде осы жерде оқылған мыңдаған дұғаларды сақтайды және ғажайып күшке ие. Аурулар осында өз денсаулығы туралы, әйелдер ең жоғары сыйлық – ана бақыты туралы дұға оқиды.

Осы аймақтағы тағы да бір көркем жер – Шымкент қаласынан 40 шақырымда орналасқан Қазығұрт тау массивінде орналасқан, аңыз бойынша Нұх кемесі осында келіп тоқтаған. Осы оқиға құрметіне қазіргі шеберлер ағаштан және металдан «ұшатын кемені» жасады, оған көтерілгенде ұшықиыры жоқ даланы және айбынды тауларды көруге болады. Туристердің ең сүйікті жері Ата-Ана тауы оларды өз жұмбақтылығымен тартады, халық оны Адам мен Хауа деп атайды. Жартас екіге қақ жарылған және одан өткен адам кінәсіз болып, яғни оның ойы таза деп есептеледі. Өту жолының ені кей жерде 30 см-ге жуық. Кейде толық адам одан оңай өтеді, ал арық адам тұрып қалады.

Жанында тағы да бір жартас бар, ана құрсағы нышаны. Егер 13 жасқа жетпеген бала осы үңгірден өз бетімен өтсе, ол бақытты және оның дені сау болып өседі деп есептеледі.

Шынында Шымкент аумағында және оның төңірегінде әдемі жерлер көп. Бұл – жұмбақты және құпияларға толы өңірдің кішкентай ғана бөлігі. Бай табиғи және рухани әлемді көру үшін алты қырдың астына бару қажет емес. Осы жұмақ жерлер әр уақытта мыңдаған адамдарды өзіне тартқан. Ұлы керуендер осында баспана мен қонақжайлылықты тапқан. Түрлі құрлықтардан шыққан қажыға барушылар мен саяхатшылар осында ұмтылған.

Оңтүстік өлке қазір де жақсы демалысты бағалай білетін барлық адамдар үшін ашық. Қала қарқынды өсуде, туризм дамуда, таулада, шатқалдарда, өзендер мен көлдерде тамаша демалыс аймақтары ашылуда.

Шымкент тек қазақстандықтардың ғана емес, таяу және алыс шетел тұрғындарының назарын өзіне аударып, туристтік орталыққа айналуды жоспарлайды.

Оңтүстік өңірдің қарышты дамуын, осында болған туристердің қызығушылығын бақылай отырып, керуендер қайта оралып келе жатқаны туралы сенімді айтуға болады!

Александра ОКОРОКОВА.

● ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛҚАЗЫНАМ

САЛЫҚ САЛАСЫНЫН САНЛАҒЫ

Құрметті еңбек демалысына шыққан кезеңге дейін Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінде еңбек етіп, еліміздің қаржылық қорының ұлғаюына септігін тигізген, ізін басқан шәкірттерге өздерінің қаржы саласындағы мол тәжірибесін үйретіп, қазіргі кезеңде көрсеткен еңбегінің зейнетін көріп жатқан 30-ға тарта еңбек ардагерлері бар. Ардагерлердің қатарында немере, шөбере тіпті немене сүйіп отырғандары да бар. Бүгінгі әңгімеміздің арқауы сол ардагерлеріміздің бірегейі Қадыр Ақышбаев туралы болмақ.

Қадекеңнің бір кездегі балалық арманы 1972 жылы орындалып Алматы халық шаруашылығы институтына түсті. Студенттік өмірінде өзінің болашақ өмірлік жары, Орал облысының қызы Дариға апайды кездестіріп, күні бүгін дәм-тұздары жарасып, қаламызда өмір сүруде. Бұл жайында сәл кейінірек баяндайық. Ағамыз жоғарыда аталынған жоғары оқу орнын тәмамдаған соң 1977 жылы елге оралып, Қызылорда облыстық қаржы бөлімінде мемлекеттік кіріс жөніндегі аға экономисті болып еңбек жолын бастады. Одан соң осы мекемеде аға экономист, бөлім басшысы міндеттерін атқарды. Кейін 1990 жылы Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік салық инспекциясында бөлім басшысы, басшының орынбасары, Қызылорда қаласы бойынша Салық инспекциясының басшысы лауазымында еңбек етті. Осы мекемеден 2012 жылы зейнеткерлікке шықты.

Қандайда бір мемлекет болмасын, оның өз қазынасы болуы керек. Мемлекет қазынасы салықтардан құралады. Қадекеңнің еңбек жолына қарап отырсақ, еліміз тәуелсіздік алған тұста әуелі Қызылорда облысының, кейіннен Қызылорда қаласының тұңғыш салықтық құрылымының қалыптасуына тікелей атсалысқандығын байқаймыз. Ерен еңбегі бағаланып, бірнеше медальдар, алғыс хаттар және арнайы төсбелгілермен марапатталды. Олардың қатарында: «Еңбек ардагері», «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдары, ҚР Премьер-министрінің алғыс хаты, «Салық қызметінің үздігі» төсбелгісімен, ҚР Қаржы министрлігінің Құрмет грамотасымен және басқа да марапаттар бар.

Жұбайы Дариға Темірболатқызы Қадекеңмен еңбекте де қоян-қолтық араласты. Олай дейтініміз, сол 1977 жылы Қызылорда қалалық қаржы бөлімінде экономист болып еңбек жолын бастады. Кейін 1991 жылдан бастап 2012 жылға дейін, яғни құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік салық инспекциясында еңбек етті. Қадыр ағамыз бен Дариға апай ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немерелерінің қолдарынан су ішіп отырған жандар. Қазақ халқында «Әкеден ұл тусайшы, ата жолын қусайшы» деген аталы сөз бар. Бүгінде үш ұлы мен екі қызы түрлі мамандық иелері. Еліміздің экономикасын көтеруге өз үлестерін қосып жүр. Ұлы Алмас, қыздары Гүлмира, Мәриям әке жолын қуып қаржы саласында еңбек етіп жүрсе, Рүстемі энергетика саласының білгір маманы. Кенжелері Асқар құрылыс саласында.

Бала кезімізде-ақ сақалды аталарымыз бен ақ шашты әжелеріміздің "Жасымда қаншалықты бейнет бersең, қартайғанымда соның зейнетін көрсете көр", – деп жаратқанға жалбарынып отырғандарына талай куә болдық. Бұған қоса, олар адам баласының әдемі қартая білуінің өзі баға жетпес бақыт екенін әр сөздеріне тұздық ететін. Сол уақыттары бұл қылықтарына күле қарап, кәрі адамға әдеміліктің не қажеті бар дейтінбіз. Сөйтсек, қарттар сөзінің жаны бар екен. Адамның жаратылғаны секілді әркімнің әртүрлі қартаятыны заңдылық. Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген Қ.Ашықбаев ағамыздың орны біз үшін әрқашанда ерекше.

Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы телегей теңіз болып келеді. Сол қарттарымыздың қатары сиремей, бейнетінің зейнетін ұрпақтарының ортасында ұзақ көрсін демекпіз.

Жарас БАБАСОВ,
мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы.

«Б» КОРПУСЫНЫҢ БОС МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ЛАУАЗЫМДАРЫНА ОРНАЛАСУҒА ЖАЛПЫ КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к., құрылыс № 1, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 60-54-56, bilim@korda.gov.kz «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға жалпы конкурс жариялайды:

Қызылорда облысының білім басқармасы бюджеттік жоспарлау және есеп жүргізу бөлімінің басшысы, D-O-3 санаты-1 бірлік, индекс №06-1. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 123 257 теңгеден 166 564 тг дейін (экологиялық коэффициенті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Өзіне жүктелген міндеттердің дер кезінде орындалуына жауапты болады.

Бюджетті жоспарлау және есеп жүргізу бөлімінің жұмысына тікелей жауапты болады; Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігі бойынша бюджеттік комиссияға жиынтық қорытынды әзірлейді, облыстық бюджеттің атқарылуына талдау жасайды; Білім мекемелерінің құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарынының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлейді; басқарманың басқа құрылымдық бөлімдерінің мәліметтері негізінде әлеуметтік-экономикалық даму болжамының өзгеруін ескере отырып, бюджет параметрлерінің болжамын үш жыл бұрын әзірлейді; Білім ұйымдарын жөндеу жұмыстары, құрылыс жұмыстарына қатысты бағдарлама мен саланың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын әзірлейді, оны облыстық мәслихатқа бекітуге ұсынады; Апатты жағдайдағы, күрделі және ағымдағы жөндеуді қажет ететін білім ұйымдарын анықтайды және тиісті жұмыстар ұйымдастырады. Басқармаға қарасты КММ мен КМК бойынша қаржылық және бюджеттік есептіліктерді жинақтау талдау және тиісті органдарға белгіленген мерзімдерде табыстап отырады;

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика немесе есеп және аудит немесе қаржы) мамандығы бойынша жоғары білім

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-4, В-4, С-4, С-О-5, С-R-2, D-4, D-O-4, E-3, E-R-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;*

5) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

6) ғылыми дәрежесінің болуы.*

Кәсіби қызметті тиімді атқаруға қажетті құзыреттер:

Бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен анықталатын тестілеу бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасын білу;

«Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі, нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Салық кодексі);

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

ЖАЛПЫ КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

1) «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде заңнаманы білуіне тестілеуден өткені туралы шекті мәннен төмен емес нәтижелері бар қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

8) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалауды өту туралы қолданыстағы қорытынды (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі).

«Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу Қағидаларының 85-тармағының 3), 4), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға рұқсат етіледі.

Бұл ретте, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) құжаттардың көшірмелерін түпнұсқаларымен салыстырып тексереді.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну талап етілмейді.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттады бере алады.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Жалпы конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіппен, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не «E-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады тапсырады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электронды түрде электрондық почта не «E-gov» электронды Үкімет порталы арқылы берілген жағдайда азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді.

Оларды берменген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар жалпы конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, Қызылорда қаласы, сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, 327 кабинетте қабылданады.

Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін конкурс комиссиясы жалпы конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарауды жүзеге асырады.

Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды.

Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттарды қарау қорытындысы бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін екі жұмыс күн ішінде олардың тиісті «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігі мен конкурсқа қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылады.

Рұқсат алмаған конкурс қатысушылары конкурс комиссиясы шешім қабылдағанған кейін бір жұмыс күн ішінде бұл туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады.

Жалпы конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, Қызылорда қаласы, сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, 3 қабат, № 327 кабинетте өтеді. Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппте ақ-кредиттелген қоғамдық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

Қызылорда облысы білім беру басқармасының басшылығымен жеке тұлғаларды және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мекен жайы, жұмыс телефоны
Сайлыбаев Бақытжан Әбдіқалықұлы	Басқарма басшысы	Сәрсенбі	Сағат:16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс №1, облыс әкімдігінің ғимараты, 340-а-бөлме, Жұмыс тел: 60-54-51
Бердәулетов Бағдат Камбузұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сейсенбі	Сағат:16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс №1, облыс әкімдігінің ғимараты, 340-б-бөлме Жұмыс тел: 60-54-52
Қарабалаев Ерлан Жағыппарұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Жұма	Сағат:16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс №1, облыс әкімдігінің ғимараты, 341-бөлме , Жұмыс тел: 60-54-54
Ерташова Құралай Сақтағанқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Бейсенбі	Сағат:16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс №1, облыс әкімдігінің ғимараты, 342-бөлме Жұмыс тел: 60-54-53

«Сенім телефоны» нөмірі 60-54-56

● МАМАН КЕҢЕСІ

ЗИЯНКЕСТЕН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

Қызанақ күйесі – жылыжай және ашық топырақта егілген көкөніс дақылдарының зиянкесі. Отаны Оңтүстік Америка болып табылады. Алғашқы рет 2006 жылы Еуропа аумағындағы Испанияда анықталды. Кейін, 2010 жылдары Германия, Венгрия, Израиль, Түркия, Болгария, Кипр мемлекеттерінде анықтала басталды. Біздің мемлекетке шекаралас жатқан көрші елдердің барлығында – Ресейде, Қытайда, Иранда бұл қызанақ күйесі карантиндік зиянкес болып табылады. Еліміздің Ақтөбе, ОҚО, ШҚО, Маңғыстау, Алматы, Қызылорда облыстарында анықталған. Қызанақ күйесі қызанақ дақылынан облыста алғаш рет 2015 жылы Шиелі ауданы Керделі ауылдық округі, Н.Бекежанов ауылында тіркелді.

Қызанақ күйесі зиянкесі өте тез дамып өседі. Қоршаған ортаның температурасына қарай оның бір өмірлік циклі 24-80 күн аралығында. Ал жабық жылыжай кешендерінде 24-30 күн аралығында болса, ашық жерлерде 30-80 күн аралықтарында болады. Қызанақ күйесінің дамуы температураның төменгі сатысы + 9 градус. Ал ауа температурасы +25 +30 градус болғанда жылына 10-12 ұрпақ бере алады. Аналық көбелек 250-300 жұмыртқа салады. 4-6 күннен кейін жұмыртқадан дернәсілдер шыға бастайды. Жұлдыз құрттар 10-12 күн өмір сүріп, қуыршақтануға кетеді. Қызанақ күйе көбелегінің жұмыртқасы да, қуыршағы және ересек көбелегі де қыстай береді.

Зиянкес көшетпен, өнімдермен, қораппен және жақын жерге ұшу жолдарымен де таралады. Енді онымен күресу шараларына келейік. Ауыспалы егістікті ұстану және өсіру технологиясын сақтау, феромонды ұстағыштарды қолданып, уақытылы хабарлау. ҚР аумағында рұқсат етілген инсектицидтермен дер кезінде өңдеу. Шет елдерден келетін өнімдерге қатаң түрде тексеру жұмыстарын жүргізу. Анықталған жағдайда дереу залалсыздандыру жұмыстарын жүргізіп отыру керек.

Есенжол ӘЛМАХАНОВ,
Қызылорда облысы өсімдіктер карантині және ФББ жөніндегі мемлекеттік инспекциясы бөлімінің басшысы.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда. «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде күріш –180, жұмыртқа – 24-25, нан – 55, қант – 235, тұз – 45, арпа жармасы – 140, тары – 140, сары май – 450, өсімдік майы – 365, 1 сұрыпты ұн – 85, сәбіз –75, картоп 70 теңгеден сатылуда.

«Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп – 60-70, пияз – 45-50, сәбіз – 75-80, қырыққабат – 75-80, қызылша 100 теңгеден.

Арал. Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Саян ата», «Қуантқан» дүкендерінде картоп – 60, пияз – 50-60, сәбіз – 90-100, қырыққабат – 80-90, 1 сұрыпты бидай ұны – 85, «Алтай» базарының жанындағы жеке кәсіпкер Р.Көшербаеваның дүкенінде картоп – 60, пияз – 50-60, сәбіз – 90-100, қырыққабат 80 теңгеден сатылуда.

Қазалы. «Әлеуметтік сауда дүкені» қант – 240, сиыр еті – 1100, қой еті – 1200, күріш – 165, пияз – 60, картоп – 65, сәбіз – 90, жұмыртқа – 23, қарақұмық жармасы 350 теңгеден. «Фея перизат» сауда үйінде қант – 230, қырыққабат – 80, пияз – 50, картоп – 60, сәбіз – 80, қызылша 80 теңгеден сатылуда.

«Аль-асад» ЖШС әлеуметтік сауда дүкені күріш –165, өсімдік майы – 365, қант –225, Ассам (классич.) 500 гр – 725, рожки – 135, арпа – 105, бұршақ – 135, лапша 2,5 кг-310 теңгеге сатылуда.

Қармақшы. «Сұлтан» сауда орталығы, «Орда» көтерме сауда орталығы және «Жандос» дүкендерінде картоп – 80-90, сәбіз – 100, жуа – 60-70, жұмыртқа – 26, 1 сұрыпты ұн – 84-90, нан – 60, тауық еті – 540, өсімдік майы 310-390 теңгеден сатылуда. «Таңсықбай», «Бибінұр» базарларында картоп – 90, жуа – 60, сәбіз – 100, қырыққабат 70-80 теңгеден сатылуда.

Жалағаш. «Бәйтерек», «Жібек» базарларында өсімдік майы – 350, картоп – 70, сәбіз – 90, пияз – 60, ет – 1100, жұмыртқа – 21, қырыққабат – 80, «Ақниет», «Айдана» және «Қаракөз» дүкендерінен I сұрыпты бидай ұнының – 85-96, нан – 55, жұмыртқа – 21, өсімдік майы – 350, пияз – 60, сәбіз – 90, картоп – 70, тауық еті – 520, қырыққабат 80 теңге.

Сырдария. «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде нан – 55, өсімдік майы – 360-380, қант – 240, картоп –70-75, сәбіз – 80, пияз – 70-75, қырыққабат – 80, тауық еті – 520-550, жұмыртқа – 19-22, «Бақытжан», «Нұрай», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 23-24, өсімдік майы – 400, қант 250 теңгеден сатылуда. «Коммуналдық» базарында нан – 55, өсімдік майы – 400, қант – 250, жұмыртқа – 23-24, тауық еті 580 теңге.

Шиелі. «Ә.Шорабаев» базарында картоп – 70, пияз – 40, сәбіз – 80, қырыққабат – 60, өсімдік майы – 350, қант – 250, жұмыртқа – 22, тауық еті – 550, ет – 1100, тұз 40 теңгеден. Сонымен қатар, I сұрыпты бидай ұны 82-98 теңгеден сатылып жатыр.

Жаңақорған. «Мағжан», «Заңғар», «Сырдария», «Кәусар», «Нұрәділ» және «Нұрасыл» дүкендерінде 1 сұрыпты ұн – 74-90, нан – 50-65, өсімдік майы – 310-370, картоп –60, пияз – 45-50, сәбіз – 80-85, тауық еті – 480-540, жұмыртқа 22-24 теңге болса, «Нұр» базарында ет – 1100-1200, жуа – 75, сәбіз – 85, қырыққабат – 85, картоп 65 теңгеден сатылуда.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 23 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 588 ҚАУЛЫСЫ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТІЗІЛІМІНДЕ 24.10.2016 ЖЫЛЫ № 5625 ТІРКЕЛГЕН

«Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 343 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтегламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы №343 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5415 нөмірмен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2016 жылғы 2 сәуірде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шекпен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтегламенті осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязова жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Кошербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «23» қыркүйектегі №588 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы №343 қаулысымен бекітілген

«Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру «Қазагромаркетинг» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – оператор) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны - қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетінқызмет нәтижесі - инвестициялық субсидиялау мәселелері бойынша облас әкімі орынбасарының тоғалағымымен өткен, комиссия хаттамасынан үзінді көшірме.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының немесе сенімхат бойынша оның өкілінің (бұдан әрі – өкіл) операторға «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы №9-3/999 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 12520 нөмірмен тіркелген) бекітілген «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі - стандарт)1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялауға өтінім ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушы ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі оператора стандартын 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) оператор құжаттарды қабылдайды және өтініңді өтініңдерді тіркеу журналына инвестициялық бағыттар топтары бойынша тіркейді (отыз минуттан аспайды);

3) оператор көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді, құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыны қажетті құжаттардың жоқ екендігі туралы жазбаша нысанда хабардар етеді,сараптамалық комиссия өтініштің шақыру туралы жазбаша хабарламмы оның мүшелеріне жолдайды,сараптамалық комиссияның отырысын өткізу орнын, уақытын және күнін сараптамалық комиссияның тоғағасымен келісім бойынша айқындайды (жеті жұмыс күні ішінде);

4) оператор көрсетілетін қызметті алушының өтінімін толық немесе толық емес құжаттар топтамасын ұсынғаны туралы анықтаған қоса сараптамалық комиссияның қарауына жолдайды (жеті жұмыс күні ішінде);

5) сараптамалық комиссия көрсетілетін қызметті алушының өтінімін қарайды, құжаттардың толықтығын тексереді, құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыны қажетті құжаттардың жоқ екендігі туралы жазбаша нысанда хабардар етеді

сараптамалық комиссия отырысын шақыру туралы жазбаша хабарламмы оның мүшелеріне жолдайды,сараптамалық комиссия отырысының өткізу орнын, уақытын және күнін сараптамалық комиссияның тоғағасымен келісім бойынша айқындайды

30 минуттан аспайды

7 жұмыс күні ішінде

7 жұмыс күні ішінде

7 жұмыс күні ішінде

7 жұмыс күні ішінде

6) оператор сараптамалық комиссия көрсетілетін қызметті алушының өтінімін қарағанған кейін комиссия отырысын шақыру туралы оның мүшелерінде Қағиданың талаптарына сәйкес электрондық жеткізгіште материалдар қосымшасымен жазбаша хабарлама жолдайды,комиссия отырысының өткізілу орнын, уақытын және күнін комиссия тоғағасымен келісім бойынша айқындайды (жеті жұмыс күні ішінде);

7) комиссия өтінімді мақұлдау немесе бас тарту туралы хаттама түрінде рәсімделетін шешім қабылдайды (бір жұмыс күні ішінде);

8) көрсетілетін қызметті беруші комиссия отырысы хаттамасынтіпсті хаттамаларды тіркеу журналына тіркейді жеке комиссия отырысы хаттамасынан үзінді-көшірмені көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды (үш жұмыс күні ішінде);

9) оператор комиссия шешімі негізінде көрсетілетін қызметті беруші, оператор және көрсетілетін қызметті алушы арасында үш жақты инвестициялық субсидиялау шартына қол қойылуын және алынатын құралдарды, техникаларды мақсатты қолдану және иеліктен шығармау жөнінде келісім жасауды қамтамасыз етеді (сегіз жұмыс күні ішінде), инвестициялық субсидиялау шартына қол қойылғанан кейін көрсетілетін қызметті берушіге субсидияларды аудару туралы ұсыныс енгізеді (үш жұмыс күні ішінде).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы

	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1	2	3	4	5
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Оператор	Оператор	Оператор	Сараптамалық комиссия	Оператор
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және оларды сипаттамасы	құжаттарды қабылдайды	көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді, құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыны қажетті құжаттардың жоқ екендігі туралы жазбаша нысанда хабардар етеді	көрсетілетін қызметті алушының өтінімін сараптамалық комиссияның қарауына жолдайды	көрсетілетін қызметті алушының өтінімін қарайды, құжаттардың толықтығын және оларды Қағида талаптарына сәйкестігін тексереді, субсидиялар есептемелерін жасайды	сараптамалық комиссия көрсетілетін қызметті алушының өтінімін қарағанан кейін комиссия отырысын шақыру туралы оның мүшелерінде Қағиданың талаптарына сәйкес электрондық жеткізгіште материалдар қосымшасымен жазбаша хабарлама жолдайды
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындаушы бастау үшін нәтижесі болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі	өтініңді өтініңдерді тіркеу журналына инвестициялық бағыттар топтары бойынша тіркейді	сараптамалық комиссия отырысын шақыру туралы жазбаша хабарламмы оның мүшелерінде жолдайды,сараптамалық комиссия отырысының өткізілу орнын, уақытын және күнін сараптамалық комиссияның тоғағасымен келісім бойынша айқындайды	комиссия отырысын өткізілу орнын, уақытын және күнін комиссия тоғағасымен келісім бойынша айқындайды	комиссия отырысының шешімі негізінде көрсетілетін қызметті алушыны сайлаған комиссия отырысын шақыру туралы оның мүшелерінде Қағиданың талаптарына сәйкес электрондық жеткізгіште материалдар қосымшасымен жазбаша хабарлама жолдайды	комиссия отыр

КЕДЕН ОДАҒЫНЫҢ КЕДЕНДІК ШЕКАРАСЫНАН ТАУАРЛАРДЫҢ ӨТУ КЕЗЕҢІНДЕГІ АЛДЫН АЛА АҚПАРАТТАНДЫРУ ТУРАЛЫ

2010 жылдың 21 мамырындағы Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдары жөнінде алдын ала ақпарат ұсыну мен алмастыру туралы келісімнің 3-бабына және Кеден одағы «Кеден» кодексінің 42-бабына сәйкес, әлем саудасын жеңілдету мен қауіпсіздігінің рамалық стандарттарын басшылыққа ала отырып және де Кеден одағына мүше мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне төнген қатерлерін анықтау, тыйым салулар мен шектеулерді сақтау, сондай-ақ Кеден одағының аумағында кедендік операцияларды жүргізу уақытын азайту бойынша барынша жағдай жасау мақсатында міндетті алдын ала ақпараттандыру енгізілді:

- 2012 жылдың 17 маусымынан бастап Кеден одағының кедендік аумағына автомобиль көлігімен әкелінетін тауарларға қатысты (Кеден одағы комиссиясының 09.12.2011 жылғы № 899 шешімі);

- 2014 жылдың 1 қазанынан бастап Кеден одағының кедендік аумағына теміржол көлігімен әкелінетін тауарларға қатысты (Еуразиялық экономикалық одағы алқасының 17.09.2013 жылғы №196 шешімі).

Еуразиялық экономикалық одағы алқасының 01.12.2015 жылғы «Еуразиялық экономикалық одағының кедендік аумағына әуе көлігімен әкелінетін тауарлар туралы міндетті алдын ала ақпараттандыруды енгізу туралы» №158 шешімімен 2017 жылдың 1 сәуірінен әуе көлігімен әкелінетін тауарлар жөнінде міндетті алдын ала ақпараттандыру енгізіледі.

Қазіргі таңда, Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының сарапшыларымен «Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына теңіз көлігімен әкелінетін тауарлар туралы міндетті алдын ала ақпараттандыруды енгізу туралы» шешім жобасының принциптік ережелері мен нормалары бойынша мәселелер қарастырылуда.

Аталған шешімдермен алдын ала ақпарат Кеден одағының кедендік шекарасын өтуіне дейін 2 сағаттан кешіктірмей кеден органдарына Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының web-порталын қолданумен немесе кеден органдары мен мүдделі тұлғалардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылы арқылы тек электронды түрде ғана ұсынылады.

Міндетті алдын ала ақпараттандыруды енгізу, бір жағынан, Кеден одағы мен Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден заңнамасын бұзу фактілерінің пайда болу тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді, екінші жағынан, Кеден одағының кедендік аумағына тауарлардың келуін тіркеу және транзиттік декларацияның электронды көшірмесін қалыптастыру кезіндегі алдын ала ақпаратты пайдалану есебінен кедендік операцияларды жүргізуін тездетеді, сондай-ақ өткізу пункттерінің жұмысын оңтайландырады.

Кедендік операцияларды жүргізу мен автомобильдік өткізу пункттерінде мемлекеттік бақылауды жүргізу уақытын азайтуға, тиісті бақылау деңгейінің сақталуымен олардың өткізу қабілеттілігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі:

- Кеден одағының кедендік аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу және осы аумақтан оларды әкету кезінде кедендік операциялар мен кедендік рәсімдерді жүргізу үшін талап етілетін құжаттардың санын азайту;

- Экспорт және импорт рәсімдерін аяқтау үшін қажетті құжаттарды дайындау және алу уақытын азайту;

- Кеден одағының кедендік аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу және осы аумақтан оларды әкетуге байланысты барлық рәсімдердің өту уақытын азайту;

- Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында импортталған тауарлардың көленкелі айналымының үлесін азайту.

Мүдделі тұлғалармен алдын ала ақпаратты ұсынбау тауарлардың Кеден одағының кедендік аумағына келуіне дейін нақты жеткізілімнің тәуекелдерін кеден органдарымен бағалауға және тауарлар келгеннен кейін тиісті шаралар қабылдауға, сонымен қатар тауарлар тиелген көлік құралдарының шекарадан өту уақытын елеулі азайтуға жол бермейді.

Міндетті алдын ала ақпараттандыру рәсімін енгізу кеден органдарына көлік ағынын нақты бөлуге мүмкіншілік береді. Бұл өткізу пункттері арқылы өткізілетін жүк ағынын ұлғайтуға, өткізу пункттерінде кедендік рәсімдерін өту жылдамдығын көбейтуге мүмкіншілік береді, сонымен бірге іріктеме бақылаудың максималды тиімділігін қамтамасыз етеді.

Әли МАЙХИЕВ,
Қызылорда облысы бойынша МКД
Кедендік бақылау басқармасының басшысы.

ТАМАША ТӘЛІМГЕР ЕДІ

Аймақ журналистикасы ауыр қазаға душар болды. Үстіміздегі жылғы 28-қазанда 60 жастан асқан шағында белгілі журналист Елібай Зұлқарнайұлы Жікібаев кенеттен дүние салды.

Елібай Жікібаев 1956 жылы 14 қазанда Қостанай қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын осы облыстағы Наурызым аудандық «Восход» газетінің тілшілігінен бастаған ол ұзақ уақыт Қостанай, Торғай облыстарындағы радио мен басылымдарда еңбек етті. 1991 жылы Қызылорда облысына жолдамамен келіп, әріптестерімен бірге «Байқоңыр» газетін ашты. 1993-1995 жылдары осы газеттің бас редакторы болды.

1995 жылы облыс орталығына қоныс аударып, облыстық әкімдіктің баспасөз қызметінде еңбек етті. 1998 жылы жаңадан ашылған тәуелсіз басылым – «Новая Кызылорда» газетінің бас редакторы қызметіне тағайындалды. Елібай Зұлқарнайұлы кейіннен «Контакт-К» атауын иеленген осы басылымды басқара жүріп, республикалық «Караван» газетінің меншікті тілшісі болды. Аймақ тыныс-тіршілігін республика көлемінде жан-жақты насихаттаған еңбегі үшін 2001 жылы «Облыстың үздік журналисі» номинациясын иеленді.

2011 жылдан өмірінің соңына дейін «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты облыстық «Қызылорда-ньюс» интернет газетіне жетекшілік етті.

Қырық жылға жуық осы салада еңбек еткен Елібай Зұлқарнайұлы ең алдымен білікті маман, тамаша тәлімгер, ақылшы аға еді. Қаламға адал әріптесіміздің бүгін арамыздан озып бара жатқанына көңіл сенбейді.

Бақұл бол, аяулы әріптес. Жарқын бейнеңіз жүрегімізден өшпейді.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы.

Марқұмның қонақасы 29 қазан, сағат 17.00-де «Жігер» мейрамханасында, намазы 30 қазан, сағат 11.00-де Абай даңғылы, 66/1 үйде өтетінін хабарлаймыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРЛІГІНІҢ САЛАФИЗМ ДІНИ АҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМЫ

Министрлік қазіргі күнде тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп салафизм мәселесін мұқият қарастыруда.

Осыған дейін Қазақстанда 23 лаңкестік және экстремистік ұйымдарға, соның ішінде салафиттік бағыттағы «Ат-Тәкфир Уәл-Хиджра» экстремистік ұйымына тыйым салынғандығын атап өткім келеді.

Осы ретте салафизм ұйым емес екендігін атап өту қажет. Ол – діни ағым, көзқарастар жүйесі.

Еліміздің қолданыстағы заңдары заңсыз уағыз жүргізу, жасырын діни жиындар мен радикалды діни әдебиеттерді таратудың жолын кесуге барлық мүмкіндіктер береді.

Оларды орындауды қамтамасыз ету керек.

Салафизм тақырыбына келетін болсақ, мемлекеттік құрылысы шариғатқа негізделген жекелеген елдерде салафизмге жақын діни ағымдар дәстүр ретінде орнығуы мүмкін.

Ал Қазақстанға келер болсақ, отандық діни танушылардың пікірінше, салафизм Қазақстан үшін айтарлықтай қауіп тудыратын әлеуетке ие.

Салафизм ұстанушыларының өз идеялары мен құндылықтарын біздің ұлттық мәдениетімізден, рухани дәстүрлеріміз бен құндылықтарымыздан жоғары қояды.

Салафилердің барлығы ашық айтпаса да, қатаң діни қағидаларға құрылған мемлекетті қоғамдық құрылыстың «идеалды жүйесі» деп есептейді.

Біз қазіргі күнде ислам әлемінде, соның ішінде бірқатар араб елдерінің өзінде, салафизм идеялары беделді діни тұлғалар мен заманауи ислам ойшылдары тарапынан сынға ұшырап отырғанын көріп отырмыз.

Біз осыған байланысты салафизмді Қазақстан Республикасы үшін мүлдем жат әрі теріс діни ағым деп санаймыз.

Елімізге сырттан келген бұл діни ағым күн өткен сайын халық тарапынан тойтарысқа ұшырауда.

Жалпы, қазақстандық қоғам радикализмге жетелейтін бұл жат ағымға теріс көзқараста.

Осы себепті бүгінгі күнде еліміздегі салафизм жақтастарының саны азайып жатқандығы байқалады және олардың Қазақстанда ұйымдасқан құрылымдары жоқ.

Сондықтан алдағы уақытта салафизм идеологиясын насихаттайтын ұйымдардың пайда болуына, әдебиеттерінің таралуына және интернет-сайттарының жұмыстарына жол бермейтін боламыз.

Қажет болған жағдайда, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына діндар азаматтар тарапынан ел мешіттерінде бекітілген тәртіп ережелерін сақтауға көмектесетін боламыз.

Біз қазақстандық дана халқымыз елімізге жат салафизм ағымының таралуына заңмен тыйым салмай-ақ жол бермейді және зайырлы қағидаттарды басшылыққа алатын заманауи Қазақстанды құруды таңдайды деп сенеміз.

Бұл таңдауды Қазақстанның әрбір азаматы қолдауы тиіс. Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады.

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МЕКТЕПТЕГІ КИІМ ҮЛГІСІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы оқушы қыздардың мектепке орамал тағып баруға байланысты ата-аналар мен оқу орындары басшылары арасында туындаған әртүрлі пікірлер мен сауалдарға қатысты өзінің мәлімдемесін жолдайды.

Ибалы, инабатты, білімді ұл мен қыз өсіріп, отаншыл, патриот жастарды тәрбиелеу – әрбір ата-ана мен педагогтың басты мақсаты, ұлы миссиясы екені белгілі.

Қазақстандағы білім беру жүйесі тек қана оқытуды ғана емес, сондай-ақ тұлғаның барлық сұраныстарын толық жүзеге асыру үшін жағдайларды жасауға, оларды өнерге, спортқа, зияткерлік дамуға тартуға бағытталғанын оқушылардың ата-аналары сезінулері керек.

Ислам діні күллі адамзат баласын білім үйренуге үндейді.

Біріншіден, ер кісі мен әйелге білім алу – парыз (міндет). Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисте: «Әрбір мұсылманға білім алу парыз» деген. Ал балаға зайырлы білімді үйрету – әрбір адамның азаматтық әрі мұсылмандық борышы. Зайырлы мемлекетіміз ұл-қыздарымыздың орта білім алуын міндеттейді әрі осы бағытта барлық мүмкіндіктер мен жағдайларды қамтамасыз етеді. Ата-аналарға қыз баланың міндетті зайырлы білім алуына көбірек көңіл бөлуге кеңес береміз. Сапалы білім – бала болашағының баянды болуына үлкен септігін тигізетінін ұмытпауымыз тиіс.

Екіншіден, Құран және Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисі мен мұсылман ғұламаларының бірегей пікірі бойынша, балиғат жасына толған мұсылман қызға орамал тағу – парыз (міндет).

Ал балиғат жасына толмаған қыздың орамал тағуын шариғатымыз талап етпейді. Сондықтан ата-ана кішкентай бүлдіршінді әлі міндет болмаған орамал үшін парыз болған білім алудан тыймауы тиіс.

Нақты айтқанда, шариғат талаптарына сәйкес, Ислам діні мектеп табалдырығын жаңа аттаған балиғат жасқа толмаған қызға орамал тағуды міндеттемейді.

Үшіншіден, Ата Заңымыз және басқа да заңдар қоғамдық қатынастарды реттейді және азаматтардың бостандығы мен діни сенімдеріне еркіндік береді. Мұсылмандар да Алланың әмірі бойынша заңды сақтайды және оған құрметпен қарайды. Өйткені, зайырлы қоғамдағы заңдар мен ережелер – барша адамның тең құқығын басты орынға қоятын кепілдік құжат және азаматтардың өмір сүру тәртібін көрсететін бағдар.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мұсылман жамағатын, ата-аналарды бірлікке үндейді және мектеп басшыларымен ортақ мәмілеге келуге шақырады.

Діни басқарма Алла Тағаладан елімізді түрлі бүліктен сақтап, халқымыздың бірлігі мен ынтымағын нығайтып, берекесін арттыруды тілейді.

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТКІЗІЛЕДІ

2016 жылғы 29 қазан күні Шиелі ауданы және Қызылорда қаласы әкімдіктерінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі төменде көрсетілген орындарда өткізіледі. Басталуы сағат 09.00.

Қызылорда қаласы – **Астана даңғылының (Е.Көшербаев көшесі мен А.Иманов көшесінің аралығы) бойында.**

Шиелі ауданы – **Тасбөгет кентінің орталық алаңында.**

КӨМІР–ҚЫШҚЫЛ ГАЗЫМЕН УЛАНУДАН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

2016 жылдың 15 қазанынан бастап облыс бойынша 7 рет көмір қышқыл газымен улану жағдайлары орын алды. Онда 13 адам көмірқышқыл газымен уланып, ауруханаға түсті. Олардың 8-і бала, 5-і ересек адам. Осыған байланысты, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті облыс тұрғындары мен қонақтарына қауіпсіздікті сақтау шараларына баса назар аударуын және пешті пайдалануда өрт қауіпсіздігі ережесі талаптарын қатаң сақтауды ескертеді.

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: ***70-00-49, 70-00-52*** *телефондары арқылы байланысуға болады.*
E-mail: ***smjarnama@mail.ru***

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

АННА

Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:
- **Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;**
- **Қайғы-қасіретке ұшырау;**
- **Маскүнемдік (суретке қарап та емдейді);**
- **Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;**
- **Жұбайлардың кетіп қалуы;**
- **Белсіздік, баласыздық;**
- **Жалғыздық, некесіз тұру;**
- **Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;**
- **Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;**
- **Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.**

✉ Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп едік.

Құрметпен, Думайбековтер отбасы.

✉ Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

Құрметпен, Әмина.

✉ Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жіппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

Арсен.

✉ Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Диана.

✉ Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

Мирас.

✉ Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыптасып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқаннан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқыныштан кекештеніп қалды. Жәй әзілдегеннен қорқатын болды. Біз Аннаның қабылдауында болып, бар жайсыздықтар дуаның әсерінен болып жатқанын білдік. Ол бар тәсілдерді жасап, көз тию мен жасалған дуадан тазартты. Оқып берген көзмоншағы мен тұмарын кіреберіс босағаға іліп қойдық. Содан кейін отбасымызда бәрі жақсара бастады. Балам кекештенуі мен қорқуын қойды. Аннаның берген тұмарын жанынан тастамайды.

Фатима.

Анна Сіздерді қазанның 27, 28, 29, 30, 31 және қарашаның 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, сол жақта «Татьяна» салоны, Анна деген жазу ілулі тұрады).

ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУДЕ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қызылорда облысы бойынша Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінде 2016 жылдың 25 қазан-2 қараша аралығында тексеру жүргізуде. Тексеру жүргізілу кезінде Астана қаласында 8/7172/27-23-14 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлаймыз.

Жеке және заңды тұлғалар тексеру барысында тексеру тобының мүшелеріне департаменттің мемлекеттік қызмет көрсету саласы бойынша ескертулер, ұсыныстар, орын алған сыбайлас жемқорлық туралы мәліметтер беруге, сонымен қатар, кеңес алу мүмкіндігі барын жеткізеді.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 48.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Мұстафаев Айтан Нұрбайұлының атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылы, Қайқы батыр көшесі №4 үй, 2 пәтерге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (№КЗ 0033538 18.01.1997 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Аймбетова Айгуль Жетесовнаның атына Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кентіндегі №177 орта мектебін 1999 жылы бітіргені жөнінде берілген №0346654 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Есмаханов Эдуард Серікұлының атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр атындағы №70 қазақ орта мектебін 19.06.2002 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №0685529 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Канатбаева Даригуль Жансаповнаның атына Орал медициналық училищесін «медициналық сестра» мамандығы бойынша 05.07.1980 жылы бітіргені жөнінде берілген ГТ № 090357 дипломының жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Облыстық ішкі саясат басқармасы белгілі журналист, республикалық «Караван» газетінің облыстағы меншікті тілшісі, облыстық «Қызылорда-ньюс» интернет газетінің бас редакторы

Елібай Зұлқарнайұлы Жікібаевтың

қайтыс болуына орай отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы университеттің кәсіптік оқыту кафедрасының меңгерушісі Смаилова Жұлдыз Жолдасқызына анасы

Назирбаева Гулшат Тукеновнаның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Казсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы және өндірістік учаскелердің ұжымдары облыстық су шаруашылығы саласының ардагері

Аяған Серікбай Нұртазаұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ұжымы басқарма қызметкері Әбілдаева Алма Әлімханқызына анасы

Базаркүл Атееваның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

СЫР МЕН САРЫСУДЫ САҒЫНҒАН ЕКЕН

Танымал жазушы, белгілі драматург Сұлтанәлі Балғабаев 70 жасқа толу құрметіне орай туған өлкесіне келіп, жерлестерімен жүздесті. Сұлутөбенің жаңадан салынған мәдениет үйіндегі кездесуді Шиелі ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев ашып, қаламгердің өмір жолымен таныстырды. Мектеп бітіргеннен кейін еңбек жолын кеңшарда қой бағудан бастаған талантты жас шаруашылықтың, мал бағудың, ондағы ата-баба қалыптастырған дәстүріне қанығады.

Ауыл адамдарының мінезі мен ерекшеліктеріне де мән бергені сол кез. Жұмысқа ысыла жүріп, үйренген нәрселері, көрген қиыншылықтары, адамдар арасындағы қарым-қатынас, бәрі де кейін қаламгердің жан азығына айналса керек. Өйткені, С.Балғабаевтың қаламынан туған әдеби дүниелер шынайы да көркем, жеңіл оқылуымен қатар оқырманын өз иіріміне тарта түсетін құдіретке ие. Оның «Дала мен дария», «Шөл», т.б. жинақтары кезінде қолдан қолға тимей оқылды. Сондай-ақ, драматургтің «Қыз жиырмаға толғанда», «Ең әдемі келіншек» спектакльдері ұзақ жылдардан бері сахнадан түспей келеді. Түйіп айтқанда, С.Балғабаев оқырмандары мен көрермендерінен лайықты бағасын алған бақытты жазушы.

Сұлутөбедегі кездесу барысында ұстазы А.Әбуова, сыныптастары атынан А.Алпысбаев, О.Жұмәділов және ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Жұмаділ секілді азаматтар балалық шақтың естеліктерінен сыр шертті. Жазушыға құрмет көрсетілді. Белгілі әнші Әлмырза Ноғайбаев, «Асыл әжелер» ансамблі, Шиелі аудандық мәдениет үйінің және облыстық филармония өнерпаздары ән мен биден шашау шашты. Кездесу соңында сөз алған жазушы: – Осы күнге жеткеніме өзімді бақыттымын деп санаймын. Талай елді көрдім, араладым, алайда, біздің Сұлутөбе өңіріне жететін жер көрмедім. Әркімнің туған жері мен елі ыстық. Кейінгі жастар осы жерлерді игеріп, игілігін көрсе екен деп тілеймін. Өзімнің де елге жасасам деген бірер парызым бар, соны өтесем деймін, – деуі де риясыз көңілден шыққан әңгіме еді. Жетпіс белестің биігіне көтерілген жазушы Сыр мен Сарысуды сағынған екен, әңгімесі сол төңіректе өрбіп, осы аттас кітаптарын ауылдық кітапханаға сыйлады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

Киелі шаңырақ саналатын, бастауын сонау әнші-композитор, ақын Нартайдың концерттік-эстрадалық бригадасынан алған тарихи ұжымның бірі – Қызылорда облыстық филармониясы. Күні бүгінге дейін Сыр өңірі мәдениетінің дамуына аталған өнер шаңырағының қосқан үлесі ұшан-теңіз. Қырық жылдан аса уақыт ішінде киелі ортаның қалыптасып, аяғынан тік тұруына талай өнер майталмандары табанды еңбегі мен тынымсыз ізденісін, қажыр-қайратын жұмсады. Бүгінде сол қарашаңырақтың туын жықпай, биікке желбіретіп келе жатқан өнер ұжымының жеткен жетістіктері айтарлықтай. Облыстық филармония директоры, «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері Талғат Мақашовпен болған бүгінгі сұхбат та осы өнер ұжымының тыныс-тіршілігі жайында.

Талғат МАҚАШОВ, облыстық филармония директоры, «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері:

"ӨНЕР АДАМДАРЫ ҮНЕМІ ІЗДЕНІСТЕ ЖҮРЕДІ"

«Томирис» би ансамблі «ТҮРІКСОЙ» халықаралық түркі мәдениетін дамыту ұйымының шақыртуымен 20-26 наурыз аралығында Түркия мемлекетінде болды. Ал 27 наурыз-3 сәуір аралығында Америка Құрама Штатының Нью-Йорк, Вашингтон қалаларында түркі тілдес елдердің Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлауға арналған өнер фестивалінде сырбойылық бишілер қазақ би өнерін әлемге паш етті.

– Жыл аяғына қарай әрбір мекеме, ұйым болсын, есеп береді. Сіз басқарып отырған филармония жылға таяу уақыт ішінде қандай шаруа атқарды, алға қойған қандай жоспарларыңыз бар? Әңгімені осыдан бастасақ...

– Өңірдегі мерейлі мерекенің, елең еткізер жақсы жаңалықтың басы-қасынан табылатын өнер иелері ағымдағы тоғыз ай ішінде 178 концерт пен гастрольдік сапарлар ұйымдастырып, көрермен көңілінен шыға білді. Соңғы жылдары өнер ұжымының өрісі кеңейгенін айту керек. Ұжым тек аймақтық айтулы мерекелерде өнер көрсетіп қоймай, алыс-жақын шетелдерге шығып, өнерін паш етуде. Мәселен, биыл Түркияны тамсандырып, Ресей жұртын риза етіп, Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында "Азат елдің ақ таңы" атты концертімен өзбек ағайынның оң ықыласына бөленіп қайтты. Оған қоса өткен жылы Грузия мемлекеттік филармониясының директоры Д.Багашвилимен екі ел арасындағы мәдени байланысты нығайту, мәңгі достық пен өзара ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында меморандумға қол қойылған болатын. Осы құжат аясында 2015-2020 жылдар аралығында екі ел арасында концерттер ұйымдастыру, өнер иелерінің шеберлік дәрістерін өткізу, тәжірибе алмасуы еркін жүзеге асуда. Бұл, біріншіден, ұлтаралық бірліктің ұйытқысы болса, екіншіден, өнерпаздардың шыңдала жүріп, қазақ өнерін дәріптеуіне жол ашты. 2017 жылы осындай концерттерді Әзірбайжанда ұйымдастыру жоспарымызда бар.

– Тағы қандай қалаларға барудың сәті түсті?

– Әр өңірдің бір-бірімен мәдени байланысын жақсарту мақсатында жасалған меморандумға сәйкес, Тараз қаласында, Батыс Қазақстан облысы мен аудан орталықтарында, тағы басқа облыстарда гастрольдік сапарлар ұйымдастырылды. Онда "Ақмешіт" фольклорлық ансамблі, ҚР еңбек сіңірген әртісі К.Қалымбетова, ҚР Мәдениет қайраткері Ү.Медеуова, жеке орындаушы С.Байсейітова, Ж.Жүсіпов, эстрада жұлдыздары әннен шашу шашып, Сыр сүлейлерінің жалғасы саналатын М.Сәрсенбаева, Б.Төлеубаев, Б.Қарғабаевтар термежырларын тарту етті. "Томирис" би ансамблінің мың бұралған бишілері де жергілікті халыққа көтеріңкі күй сыйлады.

– Жалпы 50 жылға жуық тарихы бар өнер ұжымының табыс кілті неде деп ойлайсыз?

– Табыстың кілті – бірлік пен еңбекте. Әрбір адам өз міндетін шын ниетпен атқарар болса, табыс та, абырой да, қошемет пен құрмет те сол ортада салтанат құрады деп есептеймін.

– Филармонияда қанша адам жұмыс істейді?

– Қазір бізде 221,5 штаттық бірлікте 237 адам қызмет атқарады. Филармонияға қарасты 7 өнер ұжымы бар. Түрлі жанрдағы өнер ұжымдары шығармашылықпен жұмыс жасауда, олардың әрбір жаңалығын көрермен сағына күтеді десем, артық айтқаным емес. Бір жылға жуық уақыт ішінде жеткен жетістіктер де аз емес. Сыр елі мәдениеті мен өнерінің дамуына үлес қосқан филармония әртістері мемлекеттік марапаттар мен аймақ басшысының Алғыс хаттарына ие болды. Сондай-ақ, халықаралық, республикалық байқауларда жеңіске жеткен өнер иелері абыройымызды асқақтатты. Атап айтсақ, наурыз айында Ресей Федерациясының солтүстік астанасы Санкт-Петербург қаласында өткен Б.Штоколов атындағы V Халықаралық вокалистер конкурсында Әйгерім Алтынбек III орынды, Ақтөбе облысы, Алға ауданында өткен республикалық жырышы-термешілер байқауында М.Сүгірбай бас жүлдені иемденді. Жерлесіміз Б.Шөкенов атындағы "Отан-Ана" республикалық әншілер байқауында Д.Жамантаев жүлделі III орынға лайықты деп танылды. Камералық оркестр де Алатау баурайында өткен "Әуен fest" республикалық фестиваль-конкурсынан жүлделі III орынмен оралды. Сонымен қатар, Тұрмағамбет халық-аспаптар оркестрінің әртістері С.Пұсырманова ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің "Мәдениет саласының үздігі" төсбелгісімен, Ә.Әбсадықов "Құрмет грамотасымен" марапатталып, бедел биігінен көрінді.

– Қыркүйек-қазан айының репертуарына көз жүгіртсек, күн ұзатпай концерт қойған екенсіздер...

– Көпшілік таңның атысы мен кештің батысына дейін тіршілік қамымен жүріп, мәдени орындарға бас сұға бермейді дегенімізбен, бір мезгіл рухани сергуді қалайтын жандар аз емес. Оның үстіне Сыр елі өзге өңірлермен салыстырғанда қазақылықтың қаймағы бұзылмаған мекен, мәдени құндылықпен өрілген өнерімен дара тұрады. Жергілікті халық та мәдени-сазды кештерге жиі келеді. Домбыра үніне құмар, дәстүрлі әнге қызығушылық танытады. Осыған сәйкес, филармониялықтар бос отырмайды. Қарбалас тірлік. Жоспарға сәйкес түрлі концерттер ұйымдастырылады. Үнемі ізденіс үстінде жүреміз. Әсем сазды әуенмен тыңдарманға ерекше сезім сыйлап, мінсіз қимылмен көз қуантуға асықпыз.

– Сұхбатыңызға рахмет! Әрдайым өнер көкжиегінен көрініп, шығармашылық табысқа жете берулеріңізге тілектеспіз.

Сұхбаттасқан
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен Наурыз мерекесіне орай 24-26 наурыз аралығында облыстық филармонияның өнер иелері Ресей Федерациясының Орынбор қаласы мен Беляевка және Первомайск аудандарында гастрольдік сапарда болды.

12-14 қазан күндері Ақтау, Атырау қалаларында филармония өнер иелері ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Туған жерім – Тұран далам» атты концертпен гастрольдік сапарда болып қайтты. Концертте «Тұран» триосы, Б.Молдабергенов, М.Сүгірбай, «Томирис» би ансамблі өнер көрсетіп, Сыр елінің өзіне тән өнерімен көрермендер ризашылығына бөленді.

ӘСКЕРИ ЭСТАФЕТА

Сейсенбіде ҚР ҰҰ «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының 5547 әскери бөлімінде Қызылорда гарнизоны әскери құрылымдарының эстафеталық шарасы өтті.

Әскерилер оны тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнады. Эстафетаға ҚР ҰҚК шекара қызметінің 2019, ҚР ҚМ 66597, ҚР ҰҰ 5547 әскери бөлімдері мен әскериленген техникалық мектептің ұжымы қатысты. Сарбаздар жүгіру, автоматпен ату, граната лақтыру сияқты жарыс түрлерінде бақ сынап, жаттығу тәсілдерін паш етті. ҚР ҰҰ 5547 әскери бөлімінің командирі, подполковник Мақсат Қырғызбаевтың айтуынша, мұндай шаралар мықтыларды анықтап қана қоймай, жастарды елжандылыққа тәрбиелейді.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

Зерікпейтін зергер

Мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыз жер қойнауының құпиясын аша да, оның бар асылын пайдалана да білген. Тұрмысқа қажетті тұтыну бұйымдарын, сан алуан әсем әшекейлерді, қару-жарақтарды жасаған. Бұл мұра атадан балаға мирас болып, бізге дейін үзілмей жалғасып келе жатқан ұсталық және зергерлік кәсіпті қалыптастырды. Қазіргі таңда он саусағынан өнер тамған, киелі де бірегей ұсталық кәсіпті жалғастырып жүрген азаматтар аз емес. Соның бірі ерекше дарын иесі – Табиғат Тұрғынбаев.

Табиғат бала кезінен шеберліктің шыңына жетуді армандағанын айтады. Басында ол құрақ көрпе тігумен айналысса, кейіннен сәндік әшекей бұйымдарын жасауға бет бұрған. Бүгінде Табиғат зергерлікпен де айналысып, жеке тігін цехының жұмысын дамытуға да атсалысуда.

– Мектеп табалдырығында жүргенімде тігінші болсам дейтінмін. Колледжді де тігін өндірісі және киімдерді модельдеу мамандығы бойынша тәмамдадым. Алайда уақыт өте түрлі тастар мен алтын-күмістен құйылған әшекейлерді бар ынтажігерімен дайындайтын шеберлер мен ұсталық-зергерлік кәсіп туралы мағлұмат жинай бастадым. Өзімнің бұйымдарымды дайындап, конкурстарға қатысуға бел будым. Бірде Астанада өткен республикалық "Шебер" конкурсында Серікқали Көкенов есімді белгілі алматылық зергермен таныстым. Ол кісі алдағы уақытта мені шыңдап, ұстаздық ететінін айтқандағы қуанышымды жеткізе алмаймын. Осылайша белгілі зергерден мол тәжірибе жинауға мүмкіндік алдым. Қазір өзімнің дүниелерімді дайындап, сатылымға шығарып жүрмін. Жұмыс барысында қолданып отырған әр материалымның түр-түсіне ғана емес, түрлі қасиетіне де мән беремін. Әшекейлерді әспеттеуде көбіне күмісті қолданамын. Себебі оның қасиеті медицинада да дәлелденген, – дейді Табиғат.

Табиғаттың айтуынша, оған өзінің қолынан шыққан дүниелер ешқашан ұнамайды. Мұны ол қалыпты жағдай деп біледі. Өйткені өз-өзіне көңілі тоқ шығармашыл жан тоқырауға ұшырауы мүмкін.

Жерлесіміз ерінбей еңбек еткеннің жұмысы жемісті болатынына сенеді. Және сол жолда аянбай еңбек етуге даяр.

Бұрынғы өткен бабаларымыз зергерлерді ерекше құрмет тұтқан деседі. Мысалы, бір отбасы қызын ұзатып, құтты орнына қондырар кезде зергерді арнайы шақыртып, оған бастан-аяқ қыз жасауына қосатын әшекей-бұйымдарды соқтырған. Соңғы жылдары елімізде ұлттық нақыштағы әшекей бұйымдар қайта сәнге айналды. Ересектермен қатар жастар да осыған ерекше назар аударып, қызығушылық танытуда. Әсіресе қыздар ұзатылу тойында қазақы нақышпен әшекейленген көйлек киіп, әдемі тастармен зерленген бұйымдар тағуға құмартады. Бұл – көңіл қуантарлық жағдай.

М.СНАДИН.

ГАНДБОЛ

«ІЛЕ» МЕН «ҚАЙСАР» КӨШ БАСТАДЫ

Бұдан бұрын хабарланғанындай, Қызылорда қаласында қол добынан әйелдер арасындағы клубтар лигасының І Азия чемпионаты басталды.

Жарыстың алғашқы күнінде алаңға алдымен Өзбекстан және Катар командалары шықты. Аса тартысты өткен ойында көрші елдің қыздары басымдық танытты. Есеп 32:22. Іле-шала Алматы облысының «Іле» командасы мен ирандықтар кездесіп, Жетісу өңірінің бұрымдылары 41:23 есебімен айқын басымдықпен ұтты.

Бұдан соң Азия аламанының ашылуы болып, салтанатты шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким, Халықаралық қол добы федерациясының вице-президенті Мохаммед Әлтейаб Бадер, Қазақстан қол добы федерациясының президенті Гүлнәр Тұрлыханова спортшыларға сәттілік тіледі. Жарыс қайтадан жалғасып, Алматы қаласының «Алматы» және Қызылорданың «Қайсар» командалары кездесті. Сыралғы қарсыластардың бәсекесінде жерлестеріміз жеңіске жетті. Есеп 23:20.

Чемпионаттың екінші күніндегі ойын нәтижелері төмендегідей:

«Өзбекстан» – «Алматы»	22:31
«Катар» – «Іле»	19:35
«Қайсар» – «Иран»	28:24

Командалар кеше демалды.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Саутс Ойл» ЖШС Қызылорда облысының тұрғындарына «Ақтау кен орнын игерудің технологиялық сызбасына қоршаған ортаға алдын ала әсерін бағалау (алдын ала ҚОӘБ)" сынамалы пайдалану жобасына қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Өткізілетін уақыты: 2016 жылдың 16 қарашасында Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі 255-Б, «Саутс Ойл» ЖШС-нің конференц залында, сағат 16.00-де.

Ескертулеріңізді және ұсыныстарыңызды электрондық мекен-жайға жолдауыңызды өтінеміз Atyrau@cer.kz, тел.: 8 (7122) 355133.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: ***70-00-49, 70-00-52*** *телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail:* ***smjarnama@mail.ru***

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 28927
Тапсырыс № 1295
Электронды оқылым – 28000.